



АУДИТОРЛЫҚ ПАЛАТА ЕСЕП БЕРДІ

Мемлекет басшысы Жоғары аудиторлық палата төрағасы Наталья Годунованы қабылдады.

Президент Жоғары аудиторлық палатаның биылғы 1-ші жартыжылдықта атқарған қызметі жөнінде есепті тыңдады.

Есептік кезеңде барлығы 9,3 триллион теңге бюджет қаржысы бойынша 121 нысанда 12 аудиторлық тексеріс жүргізілген.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа Экология және табиғи ресурстар министрлігіне, Енбек және халықты әлеуметтік қорғау минис-

трлігіне қарасты ұйымдарға, сондай-ақ «Қазушар» РМК-ға және тағы да басқа мекемелерге жүргізілген жекелеген аудиторлық тексерістердің қорытындысы жөнінде мәлімет берілді.

Кездесу соңында Президент бюджет қаржысының жұмсалыуына және мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылу тиімділігіне аудит жүргізу жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

БАСҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫ ЖАҢА RTU ЖАЛҒАСУДА



Өңірлерде «AMANAT» партиясы филиалдарының есеп беру-сайлау конференциялары жалғасып жатыр. Кеше партияның Маңғыстау облыстық филиалының XXXIX конференциясы өтті.

Партиялықтар кейінгі екі жылда атқарылған жұмысты қорытындылап, алдағы жоспарды бекітті. Сондай-ақ Саяси кеңестердің жаңа құрамы сайланды. Осылайша, делегаттар партияның 6 қалалық және аудандық филиалдарындағы Саяси кеңестердің жаңа құрамын бекітті. Олардың құрамына бас-аяғы 104 адам кірді. Оның 20,1%-ы – жастар, 32,6%-ы – әйелдер. Жалпы, Саяси кеңестердің құрамы биыл 51%-ға жаңарды.

Өз кезегінде, партияның Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы Нұрбек Қарасаев өңірдегі партиялық жобалардың жүзеге асырылу барысына тоқталды. Мәселен, облыс аумағында аманаттықтардың тікелей қолдауымен есту аппараттарының

өндірісі жолға қойылды. Ал «Баланы мектепке дайындайық!» акциясы аясында биыл көпбалалы және аз қамтылған отбасылардағы 1 500 баланың 1 300-ден астамына мектеп формасы, оқулықтар мен кенсе тауарлары салынған рюкзактар табысталды.

«Бытыр «Жер аманаты» комиссиясы пайдаланылмай жатқан және заңсыз бөлінген 365 мың гектар ауыл шаруашылығы жерін мемлекет меншігіне қайтарды. Биыл тағы 156 мың гектар қайтарылды. Сондай-ақ ауыл тұрғындарының табысын арттыру мақсатында «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру жұмысы жалғасуда. Мәселен, 2,5% жеңілдікпен несие алуға 238 өтінім келіп түсті. Сонымен қатар халықтың қаржылық сауатын арттыру бағытында «Қарызыз қоғам» жобасы қолға алынып жатыр. Бүгінде аталған жоба аясында 1 350 маңғыстаулық азамат оқуын аяқтады. Жыл соңына дейін тағы 3 мыңға жуық адамды оқыту жоспарлануда», – деді ол.

(Жалғасы 3-бетте)

ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ СОҢЫ ҚЫМБАТШЫЛЫҚ



6
БЕТ

ЕБІН ТАУЫП, ЕШКІ БАҚҚАН



8
БЕТ

ҰҚК ЖҰМЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ БАЯНДАЛДЫ



Мемлекет басшысы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермеқ Сағымбаевты қабылдады.

Президентке ведомствоның биылғы үшінші тоқсанның басынан бері атқарған жұмыстарының негізгі нәтижесі мен бұған дейін берілген тапсырмаларының орындалу барысы және алдағы кезеңге арналған жоспары туралы мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстан аумағында лаңкестік әрекет жасауды жоспарлаған радикалды топтың құрықталғаны туралы баяндалды. Террористік қылмыстар бойынша 7 сотқа дейінгі тергеу амалдары басталды және 3 экстремист сотталды.

Ермеқ Сағымбаевтың айтуынша, терроризмге қарсы іс-қимыл шараларын жетілдіру мақсатында ҰҚК Терроризмге қарсы орталығы 103 оқу-жаттығу жиынын ұйымдастырды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына криминогендік ахуалды жақсарту жұмыстарының нәтижелері туралы баяндалды. Атап айтқанда, қоғамға қауіп төндірген 5 қылмыстық топ әрекетінің жолы кесілді. Заңсыз қару айналымына қатысы бар 2 арна

жойылды. Ұлттық қауіпсіздік органдары полициямен бірлесіп, қару жасырылған 12 орынды анықтады. Жалпы саны 59 қару, 3 граната және 3 339 оқ-дәрі тәркіленді.

Есірткіге қарсы күрес барысында 7 зертхана, 8 халықаралық және аймақтық есірткі тасымалының жолы кесілді. 660 келіден астам есірткі және 17 тоннадан аса прекурсор тәркіленді.

Бұдан бөлек, мемлекеттік шекараны қорғау және заңсыз көші-конмен күрес саласында 4 257 құқық бұзушы ұсталды. Құны 3,8 миллиард теңгеден асатын валюта мен тауарлардың заңсыз тасымалдануына жол берілмеді. Сондай-ақ қару, оқ-дәрі және есірткі алып өтуге қатысты 120 әрекетке тосқауыл қойылды.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында еліміздің аса маңызды инфрақұрылым нысандарына жасалған 36 миллионнан астам кибершабуыл мен 866 DDoS-шабуыл тойтарылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қауіпсіздік органдарының жұмыс бағыттары бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

КОНСТИТУЦИЯ – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗІ

1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Конституция – өртүрлі ұғым мен құбылыстың іргетасы. Ол ұлттық заңнаманың және құқық қолдану тәжірибесінің, мемлекеттік және қоғамдық жағыртулардың құқықтық негізі ретінде қоғамның жалпы дамуы мен көркеюіне екпін береді.

4 ►►



Ару қалаға арман қуып келіп, соңында арба сүйреп жүрген жастар көп. Әсіресе елдегі ең ірі қалаларда қалауын тауып мақсат еткен мамандығына қол жеткізгенімен, кәсіби салада қызмет істеуде түрлі кедергілерге тап болатындардың қатары жиілей бастаған. Салдарынан салы суға кеткен жас мамандардың дені күндік жұмысқа жалданып күнелтуге мәжбүр. Себебі, тәжірибесі жоқ жас мамандарды тосырқап қабылдайтын жұмыс берушілердің ұсынатын айлығы шайлыққа жетпейтіні жасырын емес.

6 ►►

ДӘУІРІ ДИПЛОМНЫҢ ӨТКЕНІ МЕ?





МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫ ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ӨКІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Парламент Палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы Өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақ-

шасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысы 2023 жылғы 1 қыркүйекте сағат 11.00-де Астана қаласында шақырылсын», – деп жазылған Өкім мәтінінде.

Адам құқығының кепілі

1995 жылғы 30 тамыз әрбір қазақстандық үшін тарихи күн болды, бұл датада Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды. Негізгі заңда мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы екендігі бекітілді және бұл акт мемлекет құрудың іргетасына айналды, оның ішінде қазақстандық қоғамның үдемелі дамуының тұжырымдамалық негізін айқындады. Бүгінде ел Конституциясы уақыт сынынан өтті және демократиялық институттарды нығайтуда, ішкі саяси тұрақтылықты, заңның үстемдігін, адам құқығы мен бостандығын мүлтіксіз сақтауда өзінің жалпыұлттық маңызын дәлелдеді деп айтуға болады.



Ата Заңда «Президент – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азаматтың құқығы мен бостандығының нышаны және кепілі» делінген және прокуратура бұл функцияларды жүзеге асыратын негізгі құқықтық тетік. Конституцияның 83-бабына сәйкес, прокуратура мемлекет атынан заңда белгіленген шекте және нысанда ел аумағында заңның сақталуын қадағалайды, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады. Атап өту керек, 2022 жылы 18 қарашада «Прокуратура туралы» конституциялық заң қолданысқа енді және бұл құжат прокуратураның ел Президенті – кепілгердің адам құқығы мен бостандығын қорғау бойынша өкілеттігін іске асыру мәртебесін күшейтті. Атап айтқанда, прокурорларға жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыру кезінде азаматтардың Конституциямен кепілдік берілген құқығын қорғау үшін елеулі өкілеттіктер берілді. Заңның, адам құқығының бұзылуы анықталған жағдайда прокурорлар жедел-іздістіру шараларын дереу тоқтатады, бұл қызметті жүзеге асыратын органдардың лауазымды тұлғаларының заңсыз шешімінің күшін жояды. Биылғы жылдың өткен

кезенінде прокурорлар арнайы іс-шаралардың заңдылығына 400-ден астам тексеру жүргізді, олардың нәтижесі бойынша 117 адамның конституциялық құқығы қорғалды.

Азаматтардың конституциялық құқығын сақтау кепілдігін қамтамасыз етудің тағы бір тетігі – Бас прокурордың жедел-іздістіру қызметі мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерді келісу институты. Бұл адам құқығын негізсіз шектейтін нормаларға уақытылы түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Жалпы, республиканың прокуратура органдары жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыру кезінде азаматтардың құқығын қорғау жөніндегі өз қызметін тұрақты негізде жүзеге асыра береді.

Еліміздің Конституциясы күні біз үшін айтулы дата және мәртебелі мереке қарсаңында барша қазақстандықтарға бейбітшілік, амандық тілейміз!

Қуанышбек ЖҰМАСАЙҰЛЫ,
ҚР Бас прокуратурасы Жедел-іздістіру, қарсы барлау қызметі мен жасасын тергеу әрекеттерінің заңдылығын қадағалау департаменті бастығының міндетін атқарушы

АДАЛ АЗАМАТ – АТА ЗАҢНЫҢ ТІРЕГІ



Конституция күніне орай елордада «Адал азамат – Ата Заңның тірегі» конференциясы өтті. Сарапшылар Ата Заңның құқықтық және демократиялық ел болудағы орны жайлы баяндамаларын оқыды.

Конференцияға Парламент Сенатының депутаты, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Евгений Больгергерт, Парламент Мәжілісінің депутаты Марат Башимов, Президент Әкімшілігі Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығы меңгерушісінің орынбасары Индира Рыстина және қалалық ҚХА қоғамдық құрылымдарының, этномәдени бірлестіктердің және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері бас қосты.

– Қазақстанда соңғы бір жарым жылда көптеген саяси науқандар болды. Жалпыхалықтық референдум, сайлау қоғамның саясиленуіне әкелді. Конституцияға енгізілген өзгерістер біркүндік жұмыстың нәтижесі болған жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ел тізгінін қолға алған 2019 жылдан бері 4 ірі саяси реформа жасалды. Елімізде болған саяси күрделі өзгерістердің бірі – ауыл әкімдерінің сайлануы. Ауыл әкімдерін саяси партиялардың ұсынысы арқылы ғана емес, өзін-өзі ұсыну арқылы үміткер бола алады, – деді Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығы меңгерушісінің орынбасары Индира Рыстина.

Қатысушылар конференцияда Конституция күнінің мемлекет үшін қаншалықты маңызды екенін атап өтті.

– Конституция күні – бұл еліміз үшін үлкен мереке. Мен Конституциялық топтың мүшесі болғанда 15 ұсыныс берген едім. Оның ішінде адам құқықтарын қорғайтын Конституциялық Соттың керектігі жайында айтылды. Конституциялық Заңда норма бар: «Бір мандаттық бойынша өткен әр депутат бір жылдан кейін халықтың ал-

дында жауап беруі керек. Ал қоғам оның жұмысы жайлы жақсы пікірде болмаса, онда мандатын қайтаруға құқығы бар. Сол үшін бір мандат бойынша келген халық қалаулылары Мәжілісте депутаттық сауал жолдайды. Бұл өте пайдалы дүние», – деді Мәжіліс депутаты Марат Башимов.

Дөнгелек үстелде Ата Заңымыздың тарихына да шолу жасалды. Әрі Конституцияның мемлекет үшін басты құжат екендігіне тоқталып өтті.

– Ата Заңымызды азаматтық қоғамның қалыптасуына, құқықтық жүйенің орнығуына, басқару билігінің құрылымы мен ұлттық заңнамаларының дамуына, түрлі қоғамдық институттардың жолға қойылуын қамтамасыз ететін құнды құжат ретінде басшылыққа алып келе жатырмыз. Қазақстанда ХХ ғасырда Конституция бірнеше рет қабылданды. 1926 жылы Автономиялық республика болды, одан кейін 1937 жылы екінші, 1978 жылы үшінші Қазақ КСР Конституциясы қабылданды. Тәуелсіздікті алған 1993 жылы және 1995 жылы республикалық референдум негізінде қазіргі қолданыстағы Конституциямыз қабылданды. Жаңа Конституцияға алғаш рет азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген сәттен одан ажырама құқықтарына да қатысты нормалар енді. Мұның бәрі уақыттың сұранысы мен заман ағымына еркін алдыға қарыштап дамуына, халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс тіршілігінің оянуына мемлекет тарапынан берілген кепіл-тірегі ретінде қабылданғаны хақ. Кез келген егеменді ел әрі әлеммен төрт құбыласы тең мемлекет үшін Конституция басты құжат болып саналады. Сондықтан 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституция бүгінгі Қазақстанның жетістігін, әлемдегі орнын және мемлекеттің ішіндегі қоғамдық демократиялық дамуды көрсетеді», – деді ЕҰУ профессоры Тілеген Садықов.

Жанель ҚҰТТЫБАЙ

ЖАРНА ЖАҢА ЕРЕЖЕМЕН ТӨЛЕНЕДІ

Осы айдан бастап шетелдіктер үшін туристік жарна төлеудің жаңа ережесі күшіне енді. Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі бұйрығына сәйкес туристік жарна жергілікті мәслихаттар анықтайтын 0,2-ден 0,5 АЕК-ке дейінгі белгіленген мөлшерлемеді қолданылады.

Еске сала салайық, 2023 жылдың басынан әкімдіктердің бюджетіне шетелдіктер төлейтін туристік жарна есебінен шамамен 314 млн тенге түсті.

«Қазақстанда шетелдіктер үшін туристік жарна осы жылдың басынан бастап алынады. Дегенмен, кәсіпкерлермен және қонақ үй бизнесінің өкілдерімен кездесу қорытындысы бойынша туристік жарнаның мөлшерін қайта қарау туралы шешім қабылданды. Бұрын ол АЕК емес, тұру құнының пайызымен есептелетін. Мұндай жарналар – шетелдік туристерге қолайсыздық туғызбайды, ал әкімдіктердің бюджетін толықтыруға мүмкіндік

береді. Бұл жалпы әлемдік тәжірибе. Қазір туристік жарна төлеуден босатылатын адамдардың санын анықтау мәселесі пысықталып жатыр. Алайда бұл заңдарға өзгерістер енгізуді талап етеді, сондықтан оған ұзақ уақыт қажет болуы мүмкін», – деп атап өтті Мәдениет және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаев.

Егер шетелдік туристер бір жыл бұрынғы көрсеткішке қарағанда аз болса, онда мәслихат мөлшерлемесі ең төменгі деңгейге дейін азайтуы мүмкін. Ал туристер саны өссе, жарна мөлшерін 0,2 АЕК, 0,3 АЕК, 0,4 АЕК және 0,5 АЕК белгіленген сома шегінде ұлғайтуға болады.

Туристік жарна мөлшерлемесін маусымға байланысты, бірақ жылына екі мәрте ғана өзгертуге рұқсат беріледі. Шетелдіктерден туристік жарна хостелдерден, қалалар мен аудандардағы жалдамалы тұрғын үйлерден басқа орналастыру орындарында болған әрбір тәулік үшін алынады. Жарна күн үшін де жарна толық күн ретінде есептеледі. Туристік жарна орналастыру орындарында тіркелген кезде төленеді. Ол тұру құнына қосылмайды.





БАСҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫ ЖАҢАРТУ ЖАЛҒАСУДА

(Басы 1-бетте)

«AMANAT»-тың Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек партияның өңірлік сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруға баса мән беру қажет екенін атап өтті.

«Биылғы сайлау науқанында халықтың талап-тілектерін қамтыған 101 іс-шарадан тұратын өңірлік сайлауалды бағдарламасы әзірленді. Осы құжаттың толық орындалуын және елді алаңдатқан өзге де түйткілді мәселелерді тез арада қолға алып, партия жанындағы кеңестерде қарастыруды және үнемі бақылауда ұстауларыңыз тиіс. Себебі өткен сайлауда халыққа берген уәдеміздің орындалуын қадағалау — біз үшін өте маңызды әрі партияның бұлжымас парызы. Ол үшін партияда барлық ресурс жеткілікті. Барлық деңгейдегі мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясы мен Саяси кеңес, комитеттер мен кеңестердің мүшелерін, БПҰ өкілдерін осы жұмысқа барынша тарту қажет», — деді ол.

Жалпы, 2021-2022 жылдары партияның сайлауалды бағдарламасы аясында Маңғыстау облысында 11 мектеп пен 35 балабақша пайдалануға берілді, 55 мың жұмыс орны құрылды, 2,2 млн шаршы метр тұрғын үй салынды, жалпы сомасы 200 млрд теңгеге 46 инвестициялық жоба жүзеге асырылды.

Осы күні «AMANAT»-тың Атқарушы хатшысы ақсақалдармен және партия ардагерлерімен кездесті. Әңгімелесу барысында Қазақстанның мәдени және рухани өміріндегі Маңғыстау облысының алар орны, сондай-ақ зейнеткерлерді толғандырған өзекті мәселелер талқыланды. Дәулет Кәрібек аталған

санаттағы азаматтарға қолдау көрсетудің маңызын атап өтіп, партияның бұл бағытта жүйелі жұмыс істеуге дайын екенін жеткізді.

Сонымен қатар Атқарушы хатшы өңірдің белсенді, креативті жастарымен кездесті. Партия тарапынан жастарды қолдауға, білім және ғылымға арналған гранттар бөлуге, жұмыс орындарын құруға және жастар практикасын ұйымдастыруға қатысты мәселелер талқыланды.

Бұған қоса, Дәулет Кәрібек «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында қолға алынған «Каспий» су тұщыландыру зауытын жаңғырту жұмысымен танысты. Зауыт Мұнайлы ауданындағы 160 мың тұрғын мен Қаракия ауданы Құрық ауылындағы 11 мың тұрғынның ауызсу тапшылығы мәселесін шешеді деп күтілуде. Бұл жұмысты жыл соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Соның нәтижесінде, өндірілетін ауызсу көлемі тәулігіне 20 мың текше метрден 40 мың текше метрге дейін артады. Нысанда партиялық бақылау бекеті ұйымдастырылды. Сол арқылы аманаттықтар құрылыс сапасын, бөлінген қаражаттың тиімді игерілуін, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын, сондай-ақ жалақының уақытылы төленуін қадағалайды. Нысан аумағында техникалық паспортқа ұқсас тақта орнатылды. Онда шағым немесе өтініш айтуға болатын жауапты адамның байланыс нөмірлері орналастырылды.

Айта кетейік, Маңғыстау облысында «AMANAT» партиясының 16 мыңнан астам мүшесі бар. Бүгінде олар 102 бастауыш партия ұйымына біріктіріліп отыр.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев, Мәжіліс депутаттары Бақытжан Базарбек және Ермұрат Бапи де Алматыға жұмыс сапарымен барды.

Олар «AMANAT» партиясы сайлауалды бағдарламасының Жол картасының жүзеге асырылу барысымен және Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық даму жағдайымен танысты. Осылайша, халық қалаулары алматылық жастармен кездесу барысында лудомания мәселесінің өршуі және оған қарсы жана заң жобасының тетіктерін талқылады.

Осы күні мәжілісмендер «AMANAT» партиясының Алматы қалалық филиалының кезекті XXXIV конференциясына қосылды. Конференция жұмысына Парламент Сенатының Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Сұлтанбек Мәкежанов, Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы Айгүл Құспан, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров, мәслихаттағы фракция мүшелері, қалалық Саяси кеңес мүшелері және партия белсенділері қатысты. Сондай-ақ фракция жет-

екшісі Елнұр Бейсенбаев «Қалқаман» метростансасының құрылысы барысымен танысты. Бүгінде метрополитеннің үшінші іске қосу кешенінің құрылысы бойынша жұмыстар қарқынды жүргізілуде. «Қалқаман» метро стансасын салу жобасы Алматы қаласы бойынша «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасының 2.3-бөліміне енгізілген, онда 4 станса салумен 7,2 шақырым метро желісін кеңейту көзделген. Жоспарға сәйкес «Қалқаман» стансасының құрылысын аяқтаудың жоспарланған мерзімі — 2025 жыл.

Алматы қаласының Кемел шағынауданында «AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасы шеңберінде салынып жатқан жана отбасылық-дәрігерлік амбулатория жыл соңына дейін ашылады деп жоспарлануда. «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Айгүл Құспан мен Никита Шаталов Жетісу ауданында салынып жатқан осы орталыққа барып, жұмыс барысымен танысты. Қазір бұл ауданда 124 мың емделушіге қызмет көрсететін үш емхана жұмыс істейді. Қалған 50 мың тұрғын көрші аудандардағы ауруханаларда ем алуға мәжбүр. Медициналық мекеме-

лердің ең өткір тапшылығы Кемел шағынауданында, «Саяхат» автовокзалының жанында және Жұмысшы кентінің тұрғын алабында сезіледі.

«Жана отбасылық-дәрігерлік амбулатория жалпы практика дәрігерлерінің, педиатрлардың, акушер-гинекологтардың кабинеттерін, сүзгі кабинетін, отбасын жоспарлау кабинетін, дені сау бала кабинетін, дәрігерге дейінгі, рәсімдік және егу кабинеттерін қоса алғанда, медициналық қызметтердің кең спектрі ұсынатын болады. Мұнда азаматтарға білікті медициналық көмек алу үшін барлық жағдай жасалмақ. Тұрғындар бұл амбулаторияның іске қосылғанын асыға күтіп жүргенін және онда ұсынылатын барлық медициналық қызметті қуана пайдаланатынына сенімдімін», — деп атап өтті мәжілісмен Айгүл Құспан.

Қазір нысан 97%-ға аяқталды. Жарықтандыру және әрлеу бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Нысанды биыл жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарлануда. Медициналық мекеме ашылғаннан кейін Кемел шағынауданының 22 мыңнан астам тұрғыны өзаймағында білікті медициналық көмек ала алады.

БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫ — «AMANAT» ПАРТИЯСЫНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

«AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының ХІІ есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Партиялықтар 2021-2022 жылдары атқарылған жұмысты қорытындылап, алдағы жоспарды бекітті. Сондай-ақ партияның аудандық филиалдарындағы Саяси кеңестердің жаңа құрамы сайланды. Осылайша, өңірдегі Саяси кеңестердің құрамы 65%-ға жаңарды.

Іс-шараға партия Хатшысы Руслан Әлішев, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, өңірлік кеңес мүшелері, партия ардагерлері, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары және «Жастар Рухы» ЖК белсенділері қатысты.

Есеп беру-сайлау конференциясы барысында 2022-2023 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру барысының қорытындысы тыңдалды. Мәселен, Саран қаласында КамаТугesKZ ЖШС дөңгелек өндірілетін зауыт іске қосылып, нәтижесінде 1,1 мың жұмыс орны құрылды. Бұқар жырау ауданындағы «Сарыарқа» АЭА аумағында LIPEYSHIK ЖШС пластмасса бұйымдарын, профильдерін және гофрленген құбырларын өндіру жобасы жүзеге асырылды. 21 мың тоннаға арналған құны 1,9 млрд теңгені құрайтын 2 картоп қоймасы пайдалануға берілді. Қарағанды қаласында 200 орындық көпбейінді балалар ауруханасының құрылысы аяқталды. Сондай-ақ 600 орындық мектеп салынып, 28 балалар спорт алаңы орнатылды. Қарқаралы ауданы Егіндібұлақ ауылында 100 орындық спорттық сауықтыру кешені ашылды, 12 ауылдық округте жасанды жабыны бар футбол алаңдары орнатылды. Қарқаралы және Нұра аудандарында бір күнде кемі 20 адамды қабылдауға қауқарлы дәрігерлік амбулатория іске қосылды.

«Ауыл аманаты» партиялық жобасы аясында 983 млн теңгені құрайтын 105 өтінім мақұлданып, жалпы сомасы 686 млн теңгеге 69 несие берілді. Сондай-ақ «Жер аманаты» жобасы шеңберінде ауыл шаруашылығы жерлерін ұтымды пайдалануға бақылау күшейтіліп, облыста 1 млн 230



мыңнан астам шаруашылық жер мемлекет меншігіне берілді. Осы жылға жоспарланған 580 гектар жердің 300-ден астамы қайтарылды.

Партия Хатшысы Руслан Әлішев партиялықтар алдында сөз сөйлеп, бүгінде жарияланған тармақтардың жүзеге асырылу мерзімі мен сапасын бақылау үшін Сайлауалды бағдарламаның орындалуына қоғамдық мониторингті жүйелі ұйымдастыру маңызды екенін атап өтті. Бұл процеске облыстық кеңестердің депутаттары мен мүшелері, БПҰ өкілдері, белсенділер мен жастар да атсалысуы керек.

«AMANAT» партиясы өткен Парламент сайлауында өзінің сайлауалды бағдарламасының арқасында ашық бәсекелі күресте жеңіске жетті. Біздің Сайлауалды бағдарламалардың жүзеге асырылу барысын бақылауға көмектеседі», — деді «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков.

Қарағанды өңіріне жұмыс сапары барысында Руслан Әлішев Теміртау қаласындағы Жастар үйін қайта құру жұмысы барысымен танысты. Бұл орын жастарға, көпбалалы отбасыларға және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға арналған үлкен коворкинг-орталыққа айналды. Жөндеу жұмысы биыл қазан айында аяқталады.

Айта кетейік, Қарағанды облысында 34 мыңнан астам партия мүшесін біріктіретін 14 аумақтық филиал, 269 бастауыш партия ұйымы бар.

БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАЙЫҚ!

«AMANAT»-тың республикалық «Баланы мектепке дайындайық!» акциясы аясында Атырауда партия фракциясы мүшелерінің және бастауыш партия ұйымдарының атсалысуымен 1 500 бала жаңа оқу жылына қажет құрал-жабдықтармен, мектеп формасымен қамтамасыз етілді.



Партияның «Бакытты отбасы» жобасы шеңберінде жыл сайын өткізіліп келе жатқан дәстүрлі акцияның басты мақсаты — әлеуметтік жағдайы төмен

отбасылардағы балаларды жаңа оқу жылына дайындауға көмектесу. Өңірде игі бастама Жылмай, Қызылқоға аудандарында және Атырау қаласында бастау

алды. Мұнда партия фракциясының мүшесі Әлібек Темірғалиев 180 балаға оқу құралдары салынған сөмкелер мен мектеп формаларын сыйға тартты. Дәл осындай қайырымды амалдар облыстың барлық ауданында жалғасты.

«Жана оқу жылы бастала алдында мектеп жасындағы бүлдіршіндерге қуаныш сыйлап жатырмыз. Фракция мүшелерінің, бастауыш партия ұйымдарының қолдауымен 30 млн теңгеден астам қаражатқа 1 500 бала мектепке дайындалды», — деді «AMANAT» партиясы Атырау облыстық филиалының төрағасы Абдолла Идрисов.

Айта кетейік, биыл аталған іс-шараға «Атырау облысы Іскер әйелдер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі де атсалысып жатыр.



Елордада әйелдер саяси көшбасшылығын ілгерілетуге бағытталған Tomiris жобасына қатысушыларды қарқынды оқыту курсы аяқталды.

TOMIRIS КУРСЫ АЯҚТАЛДЫ

«AMANAT» партиясының Саяси менеджмент академиясы жүзеге асырған жобаның 42 қатысушысы көпшілік алдында сөз сөйлеуді, тиімді қарым-қатынас орнатуды, PR негіздерін, эмоционалды интеллект қалыптастыруды және жобаларды басқаруды үйренді. Партия Хатшысы Шолпан Каримова жобаға қатысуға қызығушылық танытқан адам саны көп болып, бас-аяғы 300-ден астам өтінім келіп түскенін атап өтті.

«Жалпы, еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде әйелдердің рөлі артып келеді. Бұл жоба — соның жарқын дәлелі. Мемлекеттік басқару ісіне әйелдердің араласуы аясын

кеңейту, олардың басқарушылық және көшбасшылық әлеуетін арттыру — «AMANAT» партиясының басты мақсаттарының бірі», — деді ол.

Оқыту барысында қатысушылар көшбасшылық, саяси үдерістер, қызығарды басқару стратегиясы, Қазақстанның партиялық-саяси жүйесі және тағы басқалар бойынша жетекші жаттықтырушылардан білім алды. Сондай-ақ қазақстандық танымал саяси қайраткерлер мен сарапшылар, атап айтқанда Мәжіліс депутаты, «AMANAT» фракциясының мүшесі Жұлдыз Сүлейменова және парламентаризмді дамыту қорының президенті Зәу-

реш Батталова, Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығы менгерушісінің орынбасары Индира Рысина дәріс оқыды.

«Осында алған білімімізді өз өңірімізде пайдаға асырамыз. Әділетті Қазақстанды құру елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту, отбасы институтын қолдау және қорғау жолында әйел көшбасшылар айрықша рөл атқарады», — деді Tomiris жобасына қатысушы Гүлшат Мұсаева.

Бұған дейін жобаға қатысушылардың алдында Бундестаг (Германия Парламенті) депутаты Кристиан Шендерляйн сөз сөйлеген еді. Оның айтуынша, әйелдердің

басқарушылық әлеуетін жетілдіруге бағытталған жобалар — қоғамды дамытудың өте маңызды пункті. Tomiris жобасы осымен екінші мәрте өткізілді. Былтыр 30 қатысушы осындай бағдарлама бойынша оқудан өтті. Олар өз өңірлеріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға бағытталған бірқатар саяси және қоғамдық жобаны жүзеге асырды. Айта кетсек, Қ.Айдарханова Ақтөбе облысында «Дем» әлеуметтік жобасын, Ұ.Шілібекова Түркістан қаласында қыздарға арналған көшбасшылық жобасын, А.Ақшалава Жамбыл облысында ауыл әйелдеріне арналған жобаны іске асырды.



КОНСТИТУЦИЯ – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗІ

1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Конституция – әртүрлі ұғым мен құбылыстың іргетасы. Ол ұлттық заңнаманың және құқық қолдану тәжірибесінің, мемлекеттік және қоғамдық жаңғыртулардың құқықтық негізі ретінде қоғамның жалпы дамуы мен көркеюіне екпін береді.

Қазақстандықтар үшін ол Ата Заң ретінде, тәуелсіз, экономикалық дамыған, әлемдік мемлекеттер қауымдастығына қосылуға бағыттайтын Негізгі саяси құжат болып табылады.

Еліміздің Негізгі Заңы эволюциясы күрделі сәттерге, ерекшеліктерге толы болды. Қазақстанның Ата Заңы француздық, италиялық, германиялық Конституция бола алмайды. Әрине, оны әзірлеген кезде шет елдердің конституцияларының ұқсас ережелері пайдаланылды. Негізгі Заңның әзірленуіне белгілі құқықтық мектептердің, француз құқықтық жүйесінің ықпалы болғанын атап өтуіміз қажет. Өйткені Конституция мәтінін әзірлеуге қазақстандық ғалымдар Ю.Басин, М.Сүлейменов, Н.Шайкенов, Ф. Сапарғалиевтермен қатар ресейлік заңгер С.Алексеев және француздық екі маман Роллан Дюма және Жак Аттали қатысты. Осы орайда француз құқықтық жүйесінің озық үлгілері де Негізгі Заңды дайындауда негізге алынды.

Өткен кезеңдерді зерделей отырып, осы кезеңде өмірге конституциялық құндылықтарды енгізуде үлкен еңбек сіңірілгенін байқауымызға болады. Ол Конституцияның әлеуетін қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданумен тығыз байланысты. Мемлекеттің тәуелсіздігі билік органдарының, ең бастысы азаматтардың Конституцияны және заңдарды бұлжытпай орындағандықтан сақталды.

Қазір кейбір мемлекет үшін даму деңгейі, аймақтық, этникалық, діни және басқа ерекшеліктеріне қарамастан мемлекеттік биліктің заңдылығы басты мәселе екенін көре аламыз. Құқық теориясында заңдылық – ол кез келген өркениетті мемлекеттің ішінде, сонымен қатар халықаралық аренада танылуы. Бұл ұғымның жан-жақты мағынасына зерттеуші ғалымдар кенінен жан-жақты тоқталады: «Понятие «легитимности», помимо сказанного, как раз и выражает опору и поддержку власти субъектами политики, населением страны. А это выходит далеко за рамки того, что называется легальностью, которая свидетельствует о юридическом, законодательном обосновании того или иного типа правления. Таким образом, легитимность представляет собой понятие оценочное, оно несет на себе печать этического характера, а легальность характеризует юридические основы власти» [1,79].

Әлемдік тәжірибеге талдау жасайтын болсақ, көбіне мемлекеттің халықаралық және ішкі танылуы олардың Негізгі Заңды қабылдауы мен оны орындау деңгейінен көрінеді. Өйткені Конституция тұрғындардың кен жіктерінің мүддесіне, билік пен басқаруды ұйымдастырудың демократиялық принциптеріне, құқықтың үстемдігіне, жалпыға ортақ халықаралық талаптарға негізделеді.

Мемлекеттің Негізгі Заңы халықтың қажеттілігін айқындап, олардың мүдделерін бекітуі тиіс, ал ол халықтың Негізгі Заңды әзірлеумен, қабылдауға тікелей қатысқанда жүзеге асады. Мемлекеттің заңдылығын қамтамасыз ету – өте күрделі міндет, оны мойындамау адам құқықтарының жүйелі бұзылуына, бейберекетсіздікке әкеледі. Мемлекетімізде болған Қаңтар оқиғасы көптеген мәселенің ашылуына әкелді, ол туралы заңгер былай деп атап көрсетеді: «Бұл – бізге үлкен сабақ. Өзіміз ғана емес, бізден тараған ұрпақ та қантардан сабақ алса, қантардағы қырғынды болдырт-



паудың жолын білсе. Дұрыс айтсаыз, бұл оқиға тарихымызда қалары анық. Қандай елдің тарихы бар? Тәуелсіз елдің тарихы бар. Қандай ел тарихын өзі жаза алмайды? Тәуелсіздігі жоқ ел өз тарихына ие емес, сондықтан өз тарихын жаза алмайды. Сондықтан жақсы болсын, жаман болсын, тарихымыз жоғалмаса деп тілеймін. Бүкіл кемшілігімен, артықшылығымен Қазақстан деген ел дүние тұрғанша тұрса деп тілеп жүрміз. Осы жолда қолымыздан келетін қандай іс бар, соны жасауға ұмтыламыз. Біреу сынар, біреу қолдар, мәселе онда емес. Мәселе ұлттық, мемлекеттік жолдың ұзақ болуында».

Мұндай қайшылықтар қалыптасып қалған мемлекеттер дамуын бірнеше жылға артқа жылжытады. Ондай дағдарысқа бір рет жол берілсе, одан шығу өте ауыр болады. Қарапайым ережені бұзудың өзі тарихтың дамуына кенеттен әсер етуі мүмкін.

Екінші жағынан дамудың дұрыс стратегиясын анықтау, Конституцияның рухы мен әр бабын сақтау, мемлекеттерге халықтың қолдауына ие болуы, креативті экономика мен прогрестің жолына түсуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның қолданыстағы Конституциясы дүниежүзілік қауымдастық танытын жалпыдамдық және ерекше маңызды қазақстандық үлгілерге негізделді. Ол республиканың толық заңдылығын қамтамасыз етудің негізін қалады. Сонымен қатар халықаралық құқықтың басты құндылықтарын да негізге алуға мүмкіндік береді. Осы орайда Ата Заңымыздың 8-бабында осы құндылықтар: «Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтейді, мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынас жасау, олардың теңдігі мен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу саясатын жүргізеді, қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тарады» деп бекітілген. Бұл конституциялық норма бүгінгі геосаяси қайшылықтар, соның салдарынан жасалып жатқан экономикалық санкцияларға төтеп берудің балама жолдарын ұсынады. Ешқандай мемлекеттің ішкі ісіне араласпай, бірақ елдің экономикалық тоқырауына жол бермеу – мемлекеттік биліктің басты міндеттерінің бірі.

Ата Заң елдің аумақтық тұтастығын, президенттік басқару нысанын, халық билігі қағидатын, Негізгі Заңның ең жоғарғы заңдық күші мен тікелей қолданылуын, идеологиялық және саяси әралуандылық, жекеменшікке қол сұғылмай, адам мен азаматтың халықаралық танылған құқықтары мен бостандықтары, мемлекеттік биліктің жаңа жүйесі, мемлекеттік рәміздерді бекітті.

Дұрыс және нақты ескеленген конституциялық саясатқа сәйкес

Қазақ елі барлық салада көптеген жетістікке жетті. Конституциялық тіннің мазмұнын өмірге енгізу жоспарлы түрде Мемлекет басшысының Жолдаулары мен сөйлеген сөздері, елдің бағдарламалық-стратегиялық құжаттары Конституциядағы максаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдардың, қоғамдық институттар мен азаматтардың қызметі, елдің жетістіктері, қазақ елінің халықаралық аренадағы беделінің өсуі Конституцияда анықталған құқықтық ережелерге негізделді. Әлемдік тәжірибе және ұлттық ерекшеліктерді назарға ала отырып, Қазақ елінің барлық үрдісті тек құқықтық шеңберде жүргізіп отырғанын көреміз.

Қазіргі заманғы мемлекеттердің дамуы, әлемдік жаһандану процесстері нәтижесінде экономикалық, саяси және мәдени үрдістердің кейбір елдердің шегінен шығуы, жаһандық және ұлттық қауіпсіздік тиімді мемлекеттік стратегияның болуын талап етеді. Осы тұрғыда Мемлекет басшысы «Қазақстан-2050» стратегиясын қайта қарастыруды ұсынды: «Соңғы жылдары әлемде теңдессіз геосаяси, экономикалық және технологиялық өзгерістер болды. Осыған орай біздің кейбір стратегиялық құжаттарымыз өзектілігін жоғалтты. Сондықтан «Қазақстан-2050» стратегиясын түбегейлі қайта қарау қажет».

Сонымен қатар мемлекеттің болашақ құқықтық дамуын қамтамасыз ететін 2021 жылы 15 қазанда Президенттің тиісті Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің ұлттық құқықты, құқық қорғау және сот жүйелерін, сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызметті дамытудың, сондай-ақ құқықтық білім беру мен құқықтық насихаттың басым бағыттары анықталды.

Бұл құжатта көрініс тапқан негізгі ережелер мемлекет пен қоғамның барлық қазақстандықтардың мүддесін қорғаудағы басымдығы мен бағыты Конституциядағы кепілдік берілген адам және азаматтық құқықтары мен бостандықтарына қатысты нормаларымен логикалық тұрғыда үндестік табады. Әсіресе, мемлекеттік институттардың жұмысын жетілдіру, құқық үстемдігі мен заң алдындағы теңдік принциптерін жүзеге асыру, сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігі, құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегия қалыптастырып, оны жүзеге асыру, тұрғындардың құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеру.

Конституцияның 1-бабының 2-тармағында бекітілген қазақстандық патриотизм принциптері, қазақ елінің тәуелсіздігі, ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім, зайырлы қоғам және жоғары руханилық даму, инновациялар мен цифрландыруға негізделген экономикалық дамумен қоса толыққанды идеологиялық негізге ие болды. Жалпыға ортақ еңбек қоғамы, тарих, мәдениет және тілдің ортақтығы, ұлттық қауіпсіздік және жалпыәлемдік, аймақтық мәселелерді шешуге жаһандық қатысуға да конституциялық құндылықтар мүмкіндік береді.

Ұлттық құқықтық жүйенің бәсекелестігін барлық базалық салада, жеке және жария құқықты дамытуға да құқықтық тұжырымдамалада үлкен мән берілді. Олар әлемдік құқықтық кеңістікте болып жатқан қазіргі заманғы қажеттіліктер мен тенденцияларға жауап бере алатын ұлттық заңнаманың жаңа түрін қалыптастыруға бағытталған. Еліміздегі 2022 жылдың 5 маусымындағы бүкілхалықтық референдум негізіндегі конституциялық өзгеріс-

“

Мемлекеттің тәуелсіздігі билік органдарының, ең бастысы азаматтардың Конституцияны және заңдарды бұлжытпай орындағанда ғана сақталады.

терге сәйкес Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, Қылмыстық атқару, Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодекстерге толықтырулар енгізілді. Осы заңнамаға енгізілген өзгерістер адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға құқық қорғау органдарының қазіргі заманғы сыйақыларға жауап беру үшін жаңа деңгейге көтеруге бағытталды.

Соңғы кезеңдегі мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге қатысты әкімшілік реформалардың соңғы нәтижесі, министрліктер мен олардың құрылымдарының жауапкершілігіне және күрделі жағдайларда, тереңдік бастаған интеграциялық процесстерде сапалы әрекет ете алатын, шағын және тиімді Үкіметті құру болып табылады.

Қоғамдық келісім – 120 этнос, 17 діни конфессия өмір сүріп кызмет ететін қазақ елінің басты жетістіктерінің бірі. Бұл жетістіктің негізі еліміздің Конституциясында негізделіп, оның кіріспе-сінде былай деп атап көрсетілген: «Біз ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастыққа лайықты орын

алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып осы Конституцияны қабылдаймыз».

Бұл Негізгі Заңның кіріспе-сінде келтірілген ережелер логикалық түрде басқа да конституциялық нормалардың мынадай құндылықтарын қалыптастырады, олар: барлығының тепе-теңдігі мен кемсітуге жол бермеу, идеологиялық және саяси әралуандылық, қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, әркімнің ана тілі мен мәдениетін қолдануы, тілді таңдау, тәрбие, білім алу және шығармашылық.

Парламенттің Жоғарғы Палатасындағы Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасының болуы, Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуда қамқорлық жасау да мемлекеттің конституциялық нормаларды орындауы. Ал осы аталған басымдықтарды ескермеу немесе бұзу конституциялық нормаға жат екенін біз Конституцияның 39-бабының 2-тармағынан көре аламыз: «Ұлтаралық және конфессияаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады».

Қолданыстағы заңнамада аталған конституциялық талаптарды жүзеге асыру тетіктері қарастырылып, азаматтарды кез келген жағдайлар бойынша кемсітуге жол бермеуді талаптары бекітілген. Бұл мәселелер бүгінде еліміздегі заңнамалық өзгерістерге сәйкес мемлекеттің ерекше бақылауында.

Кейбір батыс елінің сарапшылары Негізгі Заңдағы жарияланған патриотизм ұлтшылдыққа пара-пар емес, қазақ ұлтының өкілі емес этностар да қазақ елінің патриоты екенін атап өтеді. Мұндай ерекшелікті кейбір елдерде тарату қажеттігі де жиі айтылады. Қоғамдағы келісім мен тұрақтылық конституциялық-құқықтық негізі бар мемлекеттің әлеуметтік саясатының тиімділігіне де байланысты.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабының 1-тармағында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деп атап көрсетілген. Ол жалпы ереже қазақ елінің азаматтарының лайықты өмір сүру жағдайы, жеке тұлғаның еркін дамуы арқылы әлеуметтік тепе-теңсіздікті жеңілдету міндетін мүмкіндігінше мойнына алатынын көрсетеді.

Жалпыға бірдей еңбек қоғамы идеясын жүзеге асыру Конституцияның 24-бабының бірінші тармағында айқындалған: «Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар».

Бұл қай заманның да жана-шыры болмасын, Аристотельден бастап Абайға дейінгі ойшылдар айтқан адамдардың әл-ауқатын тек адал еңбек қана көтереді. Сол орайда адал да, әділ қызмет істеу үшін мемлекет барлық жағдайды жасайды. Ол аталған кепілдіктер де Конституцияда анық бекітілген: «Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей кемсітудің сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауға құқығы бар».

Осы аталғанның барлығы үйлестірілген әлеуметтік саясатты жүргізуге әкеледі.

Ата Заңымыз қолданысқа енген кезден бастап әлеуметтік бағытталған нарықтық экономиканың дамуының, кәсіпкерлік қызметтің еркіндігі, меншіктің теңдігі мен әртүрлілігінің құқықтық негіздерін қалыптастырды. Осы принциптерді жүзеге асыра отырып, қазір қазақ елі инновациялық даму стратегиясына негізделген дамуына жаңа деңгейіне көтерілді. Бұл бағыттың қарқынды жаһандық экономиканың дамуы үшін өзекті болашақ энергия, энергияның балама қайнар көздері және «жасыл» экономика тәрізді заманауи тәсілдер көрсетеді.

2023 жылдың 2 маусымындағы Мемлекет басшысының Еуропалық кеңестің президенті Шарль Мишельмен «Орталық Азия – Еуропалық Одақ» саммитінде келіссөздер барысында шарттарға қол қоюы, 2023 жылдың 19 мамырындағы «Орталық Азия – Қытай» саммитінде Қытай Халық Республикасы төрағасы Си Цзиньпин елімен экономикалық-гуманитарлық байланысты күшейту туралы мемлекетаралық 23 шарттарды жасасуы осы қарқынды үдете түседі. Қазақстан Республикасының өндіреркесібін дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында өнеркәсіптік-инновациялық дамудың бағдарламасы көрсетілген. Оны жүзеге асыру өндірістік өнім көлемінің өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп, өндіреркесібін энергия шығынын азайтуға әкеледі.

Азаматтардың өмірінің деңгейі мен сапасы – еліміз дамуының нақты мақсаттарының бірі. Осы орайда сапалы білім, жоғары технологиялық медицина, саламатты өмір салты, бұқаралық спортты дамытуға баса назар аударылуы қажет.

Қазақ елінде жалпы Ата Заңның әлеуетін жүзеге асырудың тұрақты тенденциялары қалыптасқан. Сонымен қатар дәстүрлер қайшылықтары, әлемдік, аймақтық деңгейдегі жаңа сын-қатерлер осы мақсаттарға жету үшін барлық субъектіден Конституцияға өте мұқият және ықпалды қарауды талап етеді. Мемлекет пен қоғам оның ережелері мен нормаларын сақтауды, жасампаздық пен біріктіруді, Ата Заңның үйлестіруші рөлін төмендетуге бағытталған әрекеттерден қорғау керек.

Ата Заңды құрметтеу – әр азаматтың нақты істерінен, адал еңбегінен және заңға бағынуынан көрінеді. Сондықтан барлығы, әсіресе мемлекеттік қызметшілерден Конституцияның рухы мен әрлігіне жауап бере алатын, конституциялық нормалардың нақты орындалуын, бірыңғай қолданылуын қамтамасыз ететін конституциялық тәжірибе қалыптастырудың барлық жағдайын жасауды талап етеді. Жалпы, Ата Заңды қастерлеу оның әр бірін бұлжытпай орындаудан елге заңдылық тәртібін қалыптастырады. Өкінішке қарай, мемлекеттегі құқықбұзушылықтар, оның ішіндегі мемлекеттік қызметшілердің кейбір жағдайларда заңды өрескел бұзуы, әрине халықтың мемлекеттік билікке деген сенімділігін төмендетеді.

Бұл мәселенің қай кезеңде болмасын өзекті екенін, әсіресе әділеттілікті басымдық ретінде назар аударуға қажетті ұстанымды заңгер ғалым былай деп атап көрсеткен еді: «Нашей профессиональной обязанностью является разъяснение положений новой Конституции страны, воспитание у граждан республики, всех жителей Казахстана уважительные отношения к Основному закону. Почитание и неукоснительное исполнение Конституции мы должны превратить в культ, как в США и других странах развитой демократии. Не только юристы, но и все государственные служащие должны, по моему глубокому убеждению, добиться того, чтобы нарушение норм Конституции и законов страны воспринималось как большой грех. Такое отношение к Конституции должно быть привито нашему человеку с пеленок, вместе с молоком матери».

Бүгінде мемлекеттің даму бағыты, ұлттық идеология туралы сарапшылар, ғалымдар көптеген ғылыми пікірталас ұйымдастырып, әр алуан ұсыныс жасайды. Көптеген этнос өмір сүретін қоғамда бұл мәселенің әржақты тұжырымдарды туындататын әмбебап аян. Осы орайда біз өзіміздің талмас адал еңбектеріміз арқылы құқық пен адам құқықтарының жоғары үлгілері мен құндылықтарын өмірге енгізуге ұмтылуымыз қажет. Осы конституциялық құндылықтарды ұлттық идеяның темірқазығы ретінде ұсынамыз.

Жамаләден ИБРАГИМОВ,
заң ғылымдарының докторы,
профессор



ҚОЛАЙЛЫ ЗАҢ ХАЛЫҚҚА ДА ТИІМДІ

Биыл Ата Заңымызға 28 жыл толды. Осы аралықта еліміздің бас құжатына бірнеше рет өзгерістер мен түзетулер енгізілді. Жалпы, соңғы жылдары Конституцияда қандай өзгерістер болды? Жаңа заң жобаларының тиімділігі қандай?

Көктем ҚАРҚЫН

ЖЕТИ РЕТ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛГЕН

Конституция — еліміздің ең маңызды құқықтық құжаты. Онда республикамыздың түбегейлі принциптері, мемлекеттік құрылым механизмі бекітілген, билік пен басқару органдарының құрылымы анықталған, адам мен азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтары көрсетілген. Осыдан 28 жыл бұрын, 1995 жылдың 30 тамызында республикалық референдумда еліміздің бағдарына айналған негізгі заңы қабылданды. Конституция 9 тараудан, 98 баптан тұрды. Жалпы, 1995 жылғы Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы — жаңа Ата Заңға алғаш рет азаматтың құқығына ғана емес, адам дүниеге келген сәттен одан ажырама құқықтарына да қатысты нормалар енгізілген. Еліміздің негізгі заңын қабылдаудан бұрын ел халқымен кеңінен талқылау болды. Жалпы алғанда, жоба 33 мыңға жуық ұжымдық талқылаудан өтіп, оған 3 миллионнан астам азамат қатысқан. Талқылау барысында 30 мыңға жуық ұсыныс пен ескерту, 55 бапқа 1 100-ден астам түзету мен толықтыру енгізілген. Осылайша, мемлекеттік құрылым сенімді саяси-құқықтық негізге ие болды. Конституцияға сәйкес, тәуелсіз Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. 1998 және 2007 жылдары Конституцияға Президенттің өкілеттігін ұлғайту жөнінде өзгерістер енгізілген болатын.

Ал Ата Заңымызға соңғы түзету былтыр 5 маусымда бүкілхалықтық референдум арқылы енгізілді. Бұл тәуелсіз Қазақстан тарихындағы референдум арқылы қабылданған екінші өзгеріс. Оған дейін бес рет Парламент арқылы түзету енгізілген еді. Жалпы, Ата Заңымызға өзгерістер мен түзетулердің енгізілуі заман талабы. Өйткені уақыт өткен сайын қоғамның кейбір құндылықтары мен құрылымдары да өзгеруде.

— Бүгінде заман шырғару процесіне көптеген азамат пен үкіметтік емес ұйымдар атсалысады. Заңгерлер мен құқықтанушылардың ғана емес, қоғам пікіріне де көп көңіл бөлінуде. Конституцияға соңғы түзетулер республикалық референдум қорытындысы бойынша қабылданды. Ол референдум қазақстандық қоғамның жанартылған Конституция арқылы басталған жаңа реформаларды қолдайтынын көрсетті. Ата

Заңға өзгерістер енгізілуіне қатысты сындар да айтылды. Ғалымдар, қоғам қайраткерлері Ата Заң жағдайға қарай немесе ықпалды саяси күштердің қалауы бойынша өзгермеуі керек деген де пікірлер айтып, — дейді Парламент Мәжілісінің заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы Снежанна Имашева.

“

Ата Заңымызға соңғы түзету былтыр 5 маусымда бүкілхалықтық референдум арқылы енгізілді. Бұл тәуелсіз Қазақстан тарихындағы референдум арқылы қабылданған екінші өзгеріс.

Депутаттың айтуынша, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара құрмет пен сенімге негізделген жаңа саяси мәдениет қалыптасуда. Маңызды шешімдер енді азаматтардың қатысуымен ашық түрде қабылданып жатыр. Елімізде жүргізілген конституциялық реформалардың қоғамды демократияландыруды, халық билігінің негіздерін одан әрі нығайту, Парламенттің ролін күшейту, Үкіметтің дербестігін арттыру жөніндегі негізгі қоғам сұраныстарын ескерді. Қазір еліміз жанартылған Конституция аясында, халықтың ерік-қалауы басты орынға қойылған Әділетті Қазақстанда өмір сүріп жатыр.

ЖАҢА ЗАҢ ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Былыр ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Конституциясының 91-бабы 1-тармағына және «Республикалық референдум туралы» конституциялық заңның 18-бабына сәйкес, Ата

дауыс беруге қатысқандардың 77,18 пайызын құрады. Осылайша, 30-дан астам ұлттық заңнамаға, оның ішінде 10-ға жуық конституциялық, салалық заңдарға өзгерістер енді. Атап айтсақ, Қазақстан суперпрезиденттік басқару формасынан күшті парламентті бар президенттік формаға көшті. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі деп белгіленді. Президенттің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызметші, квазимемлекеттік сектор субъектісі басшылары лауазымдарын атқаруға құқығы жоқ деп танылды. Қазақстандықтар өз бетінше Конституциялық Сотқа жүгіне алатын болды. Өлім жазасына тыйым салынды. Мәжілістің депутаттық корпусы аралас сайлау жүйесі бойынша құрылады деп белгіленді. Сенатқа президенттік квота қосқандары және мәжілістегі ҚХА квотасы жойылды. Эксперименттің ерекше ролі мен артықшылықтары туралы ережелер алып тасталынды.

Жалпы, құқықтық жағынан алғанда негізгі өзгерістердің бірі — Конституциялық Соттың құрылуы болды. Конституциялық сотқа бүгінге дейін азаматтардан 3 жарым мыңға жуық өтініш түсіп, 10-нан астам нормативтік қаулы қабылданған.

— Көптің назарында тұрған жұмыс — бұл Конституциялық Соттың мәселесі. Конституциялық Сот халықтың мүддесін, мақсат-мұқтажын ақтайды деген сеніммен құрылған. Әрбір Қазақстанның азаматы Конституциялық Сотқа «Менің мына жерде мүддем бұзылды. Менің бостандығым, кепілдігіме нұқсан болды» деп жүгінуге құқығы бар. Әділетті қоғамды құрамыз дейтін болсақ, бізді қорғайтын да, қолдайтын да, бізді алға қарай алып



жүретін де заң болу керек, — дейді Заңнама және құқықтық ақпарат институтының директоры Рамазан Сәріпбеков. Жаңа нормалардың барлығы, қаңтар айынан бастап, өз ретімен іске асырылып жатыр. Алайда 6 ай қосымша жұмысқа баға беруге жеткілісіз. Уақыт талабына сай енгізілген өзгерістер мен толықтырулар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына даңғыл жол салады деген сенімдеміз.

ҮМІТ ЕШҚАШАН ҮЗІЛМЕСІН

Жазушы, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Досжанның қос томдық дилогиясының «Үзілмеген үміт» атты романында 20 ғасырдың ортасында қазақ даласында жарылған Семей ядролық атом бомбасының зардаптары асқан шеберлікпен жазылған. КСРО ядролық сынақ полигондарының маңызды стратегиялық объектісі болып саналған Семей полигонының сұмдығы жайлы автор өзінің осы кітаптың бірінші бөлімі — «Қасірет пен тағдыр» атты романында да жан-жақты суреттейді.



Кенес Үкіметінің қазақ даласына азаматтық соғыс, ашаршылық, сталиндік репрессиядан кейін әкелген ең ауыр злымдығы — осы полигон. Қуаты шағын, бар-жоғы 12-14 килогонна ғана болатын екі атом бомбасы Жапонияның Хиросима, Нагасаки қалаларының 400 мыңға жуық адамын әп-сәтте жоқ еткенін білеміз, ал металл мұнара үстінде сыналған сутегі бомбасын Дегелен халқы ашық далада «тамашалаған». Бұл — нағыз трагедия! Енді жергілікті тұрғындардың осы сынақтардан шеккен, әлі де талай ғасыр шегетін зардабын ойға сала беріңіз.


Менің де балалық шағым Семей ядролық полигоны аумағында өтті. Алапат жарылыстар болған сәтте біз алаңсыз ойнап жүретінбіз... Полигон жабылғалы 30 жылдай уақыт жерасты жарылысынан адамдар түрлі ауруларға ұшырап, сол сырқаттың қасіретін әлі де арқалаумен келеді. Бұл сырқаттардың тұқым қуалайтындығы ғылыми негізде дәлелденген, оның қасіреті 300 жылға дейін созылуы мүмкін. Автор бұл кітапта атомның зардабын тартқан қаншама бейкуәй жандардың, қаншама жанұяның күл-талқан болған тағдырларын жанкештілікпен суреттейді. Шығарманың оңай-шығылмен тұмайтыны белгілі. Жазушы осы шығарманы жазу үстінде суреттелуге тиіс оқиғаларды жүргеніне өткізіп, жұлын-жүйесімен түйсініп, бойдағы бүкілдеген бүкіл тамырына аямай салмақ салып, романда суреттелген қилы тағдыр иелерінің басындағы қайғыны өз басынан өткендей сезіммен жазғаны анық. Олай болмаған күнде дәл осындай бүкіл бір ұлттың басына қара бұлтай төніп, талай шаңырақты күл-парша етіп қиратқан қасірет жайындағы шығарманы жылап отырып оқымас едік.

«Үзілмеген үміт» кітабының бірінші бөлімі «Қасірет пен тағдыр» қазақ тілінен тікелей жапон тіліне аударылған. Аудармашысы — Масуджимо Шигенубо. Осылайша, ақ басты карт Алатаудың аялы алақанында бой жеткен әппақ қыз карт Фудзияманың құшағында еркелеп, Токио қаласында кітаптың тұсаукесерін өткізіп келгенін жалпы оқырман білуге тиіс. Осы шараны ұйымдастыруға атсалысқан ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығының директоры Олжас Сүлейменов еді. Соңғы он жыл көлемінде қазақ жазушыларының шығармалары жапон тіліне аударыла қоймағанын ескерсек, Сәуле апаидың бұл қадамы үлкен ерлікке тең...

Жарылыс зардабы әсер етіп ұлдан кейін өмірге келген қыз баласын гидроцефалия дертімен туған, ол аздай жан-жары Әмірден ерте айырылған, Жетісу аймағына көшіп кеткен бас кейіпкер Аяулымның ұлы — Сұңқардың «Біз ол жақтан неге кеттік, апа?» деген зілдей сұрағы оқып отырған менің жан-дүниемде атом бомбасына бергісіз бір алапат жарылыс жасап жіберді. Қазақы таным-түсінікте «у ішсең руынмен» қағидамыз бар. Қазақ қазақ болғалы қанына сінген әдет болса керек бұл. Небір алапатты бастан кешірсе де қайран қазақ қанға сінген осы әдеттен әлі арыла қоймаған.

Сұңқардың «атамдардан неге алыстап кеттік, апа» деп орманға қарап ұлыған бөрінің бөлтірігінше мазасыздана беруі осының айғағы сынды.

Жазушы біздің назарымызды аударғысы келетін негізгі мәселенің бірі — осы. Себебі қазір басқа халықтар секілді қазақ халқы да әлемдік жаһандану үрдісін бастан өткеріп жатыр. Жаһандану арқылы дүниежүзіндегі басқа елдермен экономикамыз, өмір салтымыз, мәдениетіміз т.б. ортақ бола бастады. Мәселен, еуропаша киіміміз, корейдің фунчозасын дастарқанға қоямыз, жапонның сушиін жейміз, батыстың әндерін тыңдаймыз. Осылардың әсерінен XX ғасыр басындағы қазақ пен XI ғасыр басындағы қазақтардың мінез-құлқы мен құндылықтары таңдауында айырмашылықтар бар. Жаһандану барысында ұлттық келбетімізді сақтау үшін ұлт менталитетіндегі қалыптасқан, тарихи сыннан өткен, топтаспайтын моральдық-этикалық, адамгершілік, туыстық, бауырмалдық қасиеттерімізді жоғалтып алмауымыз қажет. Сұңқардың бойындағы қанның сәт сайын бұлқынып, «Семейге кетем» деп тұруы жаһандану үрдісіндегі жоғалып кету алдында тұрған ұлттық қасиеттерімізді сақтап қалғысы келген бұлқыныс.



Шығармадағы маңызды қосалқы кейіпкердің бірі — Аяулымның күйеуі Мәлс.

Қазақ әуелден жетімін жылатпаған халық еді. Алайда бүгінгі көп деректер мұны жоққа шығарып тұр. Елімізде соңғы уақыттарда жетім балалар саны мен баласын тастап қашатын безбүйрек аналардың саны артып отыр. Ал Аяулымның бірінші некесінен туған, артынан еріп келген баласы Сұңқар жайлы Мәлстің аузымен айтылатын «бала менікі, оның тәрбиесі менің мойнымда» деген сөздер — нағыз қазақ еркегіне тән азаматтық үлкен қасиет.

Біз жазушыларды — ұлттық мәдениетіміз бен тарихымыздағы ерекше тұлғалар дейміз. Сәуле Досжан — осыны толық түсінген, әбден кемеліне келген жазушы. Аяулым мен күйеуі арасындағы, Аяулым мен балалары арасындағы қарым-қатынас арқылы отбасы мүшелерінің әрқайсының орны қай жерде болуы керек екенін оқырманға жақсы түсіндіреді. Мәлстің бойындағы отағасы ретіндегі

арқалаған азаматтық парызы, қорғасындай ауыр мінезі, басында әйеліне, еріп келген балаға сәл катал сияқты көрінгенімен артында жылдам байқалатын оларға деген аса үлкен қамқорлығы мен дарханлығы талғампаз оқырманның назарынан тыс қалмайтыны анық. М.Әуезовтің «Абай жолы» романы эпопеясын оқып отырып, қанша жерден «катал», «қатыгез» сияқты суреттелсе де Құнанбай образын жек көре алмайтынымыз сияқты, Сәуле Досжанның Мәлсін де тым жақсы көріп қалды. Мұны әр дәуірдегі тұлғалар шығармашылығындағы үндестік десек заңды. Шығарма арқылы оқырманды, қала берді халықты тәрбиелеу деген осы болса керек. Жазушының осы шығарманың өн бойында кездесетін тәрбие құралы секілді детальдары жазушы тұлғасындағы айтылар ойға сыймас, қыр-сыры мол дүние. Осындай ұлтқа тәрбие беретін шығармаларды мектепте оқытуды міндеттеу қажет, ол — еліміздің ертеніне, әр үйдің ертеңіне бағдарлам болары ақиқат.

Сұңқардың түс көруі, оны анасы Аяулымның үлкен кісілерге жорытуы, оған параллель ретінде Мөнке бидің түс көріп, оны Сырым батырға жорытуын келтіргені де шығарманың салмағы мен мәнінің тереңдігін көрсетіп тұр деуге толық негіз бар. Баланың Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетін тандап түсіп, студент болып жүріп Семей полигоны қасіретін зерттеуге, сол жайлы дерек жинауға дендей кірісуі автордың өз бойындағы полигон қасіретін зерттеуге деген құлшынысы. Атом зардабын айқындап көрсету ісінің осы айтылған екі кітаппен ғана шектелмейтіндігін, бұл тақырып көптеп бері автордың көкірегін тілгілеп, тыныштық бермеген тақырып екендігінің көрінісі. Автор — Медеу Сәрсекелден кейінгі полигон тақырыбына аса ден қойған жазушы.

«Адамның ең жаманы — талапсыз!» деп Абай айтқандай, соңғы кездері не ғылымға, не еңбекке, не өнерге талаптана алмайтын өмірге икемсіз жандар қоғамда көптеп кездесіп жатады. Сондықтан осы роман арқылы жазушының тәрбиешіге айналып, әр оқырманның өмірге қанаттандыра, болашаққа талап-тандыра тәрбиелеуі, міне нағыз жазушы шеберлігі деп айтар едім.

Автор айтар ойын бедерлі бейнемен, соны образбен келтіре отырып жанаша жол тапқан. Тілі образды, ойды қысқа да нұсқа, қарапайым жолмен дәл беріп отырады.

Жазушының шеберлік жолындағы ізденістерін сөз қылғанда, нені айтты дегеннен гөрі, қалай жеткізді деген мәселе көбірек назар аударамыз. Сәуле Досжанның көбіне деректі шығарма ретінде жазылатын полигон қасіретін көркем шығарма қылып жазу үшін шетсіз-шексіз әлемге тартқан миканатты сапарын жасампаздық деп бағалау керек шығар.

Әсем ЕРЕЖЕКЫЗЫ
ақын, аудармашы



Биыл құрғақшылық қатты сезілуде. Ауыл шаруашылығы саласына оңайға соғып тұрған жоқ. Шаруалар «жем тапшы, қыста баға алмаймыз» деп ірі қара малын жаппай сойып жатыр. Ертең сойыс малы азайғанда ет тапшы боп, қымбаттап шыға келуі мүмкін. Ендеше өңірлер жем-шөп жинап үлгерді ме? Үкімет қандай шара қабылдап жатыр?

Нұрлан ҚОСАЙ

ҚАЗІРДІҢ ҚІЗІНДЕ ШӨП ҚЫМБАТ
Биылғы құрғақшылықтың ауқымы әлдеқайда кең. Еліміздің оңтүстігінде де, солтүстігінде де, батысы мен шығысында да жағдай оңып тұрған жоқ. Басында көктемгі суық ұрып, одан кейін құрғақшылық пен жазғы аптап ыстық жағдайды ұшықтырып жіберген. Соның салдары жем-шөп дайындауға келгенде қатты көрініп отыр. Бірінші кезекте тапшылық бар, екінші кезекте – қымбатшылық.

«Биыл шөп жоқ. Барының өзі қымбаттап кетті. Қазір бір тонна шөптің бағасы 50 мың теңгеге жетіп отыр. Оның қасында бір тонна бидайдың құны – шамамен 80 мың теңге. Мұның барлығы көктемнің құрғақ болуына байланысты. Сондықтан биыл қатты жемнің орнына малға сабан беріп, амалдаймыз деп отырмыз», – дейді Қостанай облысындағы «Тұрар» ЖШС директоры Қайрат Оспанов.

Құрғақшылыққа қоса қабат егістіктер мен жайылымдардың өртенуі тағы бар. Алқабын киік таптап кеткен шаруалар қаншама? Оған шегірткенің әлегін қосыңыз. Осылардың бәрі түтпей келгенде жем-шөп бағасына әсер етіп отыр. Ендеше ертен ет пен сүт те қымбаттауы мүмкін екенін айтады олар.

«Шөп жетпей жатқандықтан, оны өзге өңірлерден әкеліп сатуға. Ол делдалдар бағаны қосып сатады, жем-шөп қымбат. Малды кәсіп етіп отырғандықтан, амал жоқ, сатып аламыз. Шөптің бір бумасы 16 мың теңге тұрады. Ал бір қысқа бізге кем дегенде 50 бума керек. Одан бөлек, жемі тағы бар. Ол да қымбаттап барады. Бұл қарқынмен алдағы қыста ет пен сүттің бағасы да шарықтап кетуі ықтимал», – дейді Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының тұрғыны Қозыбек Хамзин.

Атырауда да жағдай мез емес. Кейбір деректер бойынша бұл өңірде 600 мың тонна шөп тапшы болуы мүмкін екен. Мәселен, Қызылқоға ауданы ауыл шаруашылығы бөлімінің мәліметі бойынша 2023-2024 жылдардың қысқы кезеңіне керекті мал азығының көлемі 137 591 тонна болса, оның 32 265 тоннасы былтырдан қалған. Соны есепке алғанның өзінде, биылғы науқанда 105 мың тоннадан астам шөп дайындалуы керек екен. Ал Құрманғазы ауданында 164 мың тонна пішен қажет. Былтырғыдан қалған 15 мың тоннаны есепке алғанның өзінде ауданда



Ержабыл Дүйсебай (қолында)

ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ СОҢЫ ҚЫМБАТШЫЛЫҚ

биыл барлығы 149 мың тонна мал азығы әзірленуі тиіс. Индер ауданында қысқа қажетті мал азығының көлемі – 67 мың тонна, құрама жем – 9,2 мың тонна. Былтырдан қалған 8,6 мың тоннаны ескерсек, биыл әзірленуі тиісті пішеннің нақты көлемі – 58,4 мың тонна. Алайда өткен қыста шар мектеміде жауын-шашынның болмауы себепті шабындық алқаптарда табиғи шөп жоқтың қасы. Соның салдарынан шалғы түскен жерлердегі шөптің түсімі былтыр 2,1 центнер болса, биыл 0,9 гектарына 1,2 центнерге дейін төмендеген. Соны ескеріп, индерлік шаруалар мұнда соңғы жылдары суармалы немесе екпелі шөп егуді қолға алған екен. Сол сияқты Исатай ауданында қажетті жем-шөп көлемі былтырғы 4 350 тонна қалдықты есепке алғанның өзінде 76 мың тоннадан асады.

Шаруалардың айтуынша, бұл тұста басты сәлмеке жеке қосалқы шаруашылығы бар ауыл тұрғындарына түсіп тұр. Өйткені олар өз бетінше жем-шөп жинай алмайды. Сатып алуға мәжбүр. Ал ол қымбаттап кеткен соң амал жоқ, малын жаппай сойып алып жатқаны көп. «Родина» агрофирмасының бас директоры Иван Сауэр ауыл адамдары бұрын малды балаларын мектепке дайындау үшін күзге таяу соятын болса, қазір баға алмағандықтан, жаздың қарсаңында-ақ сойып алып жатқанын айтады. Ал мал басын сақтап қалу маңызды.

«Жеке қожалықтары бар ауылдықтар ешкімнен қолдау болмайтынын түсініп отыр. Шындығында, оларға көмектесу

керек. Қазір бидай арзан. Соны пайдаланып, мемлекет жем дайындайтын бағдарлама жасап шығаруға болады ғой. Оған қоса, ірі агроқұрылымдармен келісе отырып, ауыл тұрғындарын сабан шөппен қамтуға болар еді. Бірақ, өкінішке қарай жергілікті билік те, АШМ да бұл жағдайға тиісінше көңіл бөлмей отыр. Керісінше, шенеуніктердің мүддесіне қарай «жауырды жаба тоқуға» тырысып келеді. Статистикалары да әсіре көрсетілген. Оның аяғы қасқыр болмайды. Ауыл тұрғындары мал сатып алу үшін несие алған. Енді оны сойып алуға мәжбүр. Онысы несиесін жабуға жетпейді. Осылайша, мал да жоқ, қарызға белшесінен батып отыр», – дейді ол.

Бұған дейін еліміздің 4 өңірінде құрғақшылық салдарынан 170 мың гектар егіс алқабы жойылып кеткені хабарланған болатын. Олар – Ақмола, Батыс Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстары. Бұл ауыл шаруашылығы саласы қаншама жем мен шөптен қағылып отыр деген сөз.

«Бүгінде қазақстандық фермерлер 12,7 млн тонна шөп дайындады, бұл биылғы жылға жоспарланған көлемнің 50,7%-ын құрайды. Биыл өңірлердің жем-шөп

шығындарының құнын субсидиялауға 11,7 млрд теңге бөлінді. Қажет болған жағдайда облыс әкімдіктерінің қосымша қаражат жіберуге мүмкіндігі бар. Биылдан бастап алғаш рет жем-шөп дайындау жұмыстарын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер жергілікті дизель отынын ала алады. Өтінімдерге сәйкес жанармайдың қажеттілігі 57,9 мың тонна көлемінде қалыптасты. Қазір жеткізу мәселесінде Бұдан басқа, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Азық-түлік корпорациясы 235,2 мың тонна көлемінде жем-шөп қорын қалыптастырды, оның қорлары қажет болған жағдайда мал және құс шаруашылығы кәсіпорындарын арзандатылған бағамен қолдау үшін бағытталатын болады.

Құрғақшылықтан зардап шеккен өңірлерде «Бөйтерек» ҰБХ» АҚ желісі бойынша фермерлердің неселік борыштарын ұзарту және қайта құрылымдау мүмкіндігі қарастырылып жатыр. Сондай-ақ Үкімет резервінен мал шаруашылығын субсидиялауға қосымша қаражат бөлу мәселесі псысқаталауда», – делінген АШМ тараптан хабарламада.

Сондай-ақ ведомство Жамбыл, Қостанай, Түркістан және Ақмола облыстарында шөп дайындауды қарқынды жасқы екенін айтады. Ал Павлодар, Атырау, Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстарының қарқыны төмен. Ал Қостанай облысындағы құрғақшылық туралы айтатын болсақ, облыс әкімдігінің ақпараты бойынша жазғы кезеңде жауған жауын-шашын табиғи және егілген

МИНИСТРЛІК АЛАНДАМАЙДЫ ЕКЕН

Жағдай қанша жерден күрделі десек те, Ауыл шаруашылығы министрлігі жем мен шөптен трагедия көріп отырған жоқ екен. Құрғақшылыққа қарсы түрлі шара қолға алынууда. Сондықтан да тапшылық болады деп байбалам салудың қажеті жоқ дейді олар.

«Бүгінде қазақстандық фермерлер 12,7 млн тонна шөп дайындады, бұл биылғы жылға жоспарланған көлемнің 50,7%-ын құрайды. Биыл өңірлердің жем-шөп

әрқайсысы алты пайыздан үлес алып отыр. Сарапшылардың айтуынша, заңгерлер сұранысқа ие мамандықтар тізімінде бірінші ондыққа да, тіпті екінші ондыққа да енбейді. Бірақ экономистер, заңгерлер мен қаржыгерлерге сұраныстың азығына қарамастан, бұл мамандықтар әлі де көп таңдалады. Биылдың өзінде 12,4 мың түлек сертификатталған заңгерлер мен экономистер қатарына қосылған. Оның ішінде 7,6 мың адам заңгер дәрежесін алып отыр. Алайда былтыр қазақстандық еңбек нарығының заңгерлерге деген нақты қажеттілігі шамамен 5 есеге аз болған. Есесіне қазақстандық еңбек нарығының негізгі сұранысқа ие бөлігі – арнайы біліктілігі жоқ кадрлар. Яғни, сұраныстың алдыны қатарында күзетшілер, дүкен сатушылары мен жүргізушілер тұр.

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ТАР

Жалпы алғанда, жастар арасындағы жұмыссыздықтың соңғы жылдары күрт өсуіне пандемияның әсері болған. Бұл біздің елде ғана емес, әлем елдерінде де байқалыпты. Әлеуметтанушы Айгүл Сәдуақасованың сөзінше, кез келген салада қысқарту жүргенде алдымен жастар ілігеді. Ал қазір жастардың көбі қызмет ету саласында жүр. Мәселен, пандемия кезінде жастардың басым бөлігі жұмыс істейтін шағын бизнеске қысқарту жүрді. Екіншіден, елдегі еңбек нарығы мен білім жүйесінің әлі де бір-бірінен алшақтығын алға тартқан маман: «Экономикаға қажетті мамандар нақты деңгейде дайындалмайды. Жұмыс берушілердің талаптарымен жас мамандардың білім деңгейі, дағдылары бір-бірімен сәйкес келмейді. Жұмыс нарығы тар. Нақты өндіріс саласының сыйымдылығы толыққанды жастарды алуға мүмкіндігі жоқ. Сондай-ақ қазіргі жастар нарықта болып жатқан жағдайларды көріп, біліп отыр. Олар да бірінші қатарда бос уақытын жоғалтқанды жөн көрмейді. Төмен жалақымен бастапқы базалық қажеттіліктерін қамтамасыз ете алмайды. Бұдан бөлек, меритократия әлі де қалыптаспаған. Қазір меритократияны мемлекеттік қызметпен ғана байланыстырады. Басқа салаларда қарастырылмайын. Ашық вакансия формалді түрде жарияланады. Толыққанды конкурс арқылы өтуге мүмкіндіктер өте төмен. Сондықтан мамандық бойынша орын табу қиын», – дейді.

Әлеуметтанушының сөзінше, мемлекеттік басқару жүйесіндегі жастар бағдарламаларына бағалау жасаудың мүмкіндігі қарастырылмаған. Десе де, елдегі жұмыссыз жастарға арналған кейбір бағдарламалар тиімділігін көрсетіп те келеді.

ДӘУІРІ ДИПЛОМНЫҢ ӨТКЕНІ МЕ?

Ару қалаға арман қуып келіп, соңында арба сүйреп жүрген жастар көп. Әсіресе, елдегі ең ірі қалаларда қалауын тауып мақсат еткен мамандығына қол жеткізгенімен, кәсіби салада қызмет істеуде түрлі кедергіге тап болатындардың қатары жиілей бастаған. Салдарынан салысуға кеткен жас мамандардың дені күндік жұмысқа жалданып күнелтуге мәжбүр. Себебі тәжірибесіз жоқ жас мамандарды тосыраққа қабылдайтын жұмыс берушілердің ұсынатын айлығы шайлыққа жетпейтіні жасырын емес.

Жадыра МҮСІЛІМ



Елнур КАБА (қолында)

дент кезден бастап мамандыққа қатысы жоқ болса да әртүрлі жұмыс істегенін айтқан ол: «Үлкен қалада күнделікті қажетіне қаражат керек. Оның үстіне, оқуым ақылы болған бос уақытымда жұмыс істеп жүрдім. Оқу бітірген соң жұмыс беру орындарына барып көрдім. «Жас мамансың. Бірден жақсы жалақы болмайды. Алғашқы бір жыл 100 мыңның ар жақ, бер жағын бере аламыз», – деді. Мұндай жалақыға өзім барғым келмеді. Өйткені 100 мыңмен қалада жан бағу мүмкін емес. Екінші жағынан өз мамандығыммен жұмыс істеуге деген ниет те аз болды», – дейді.

Оның айтуынша, мамандық бойынша жұмыс істейтін жастар аз екен. «Бүгінгі заман дипломның көгі мен қызылына қарамайды. Қазір кімнің мың жұмыс істейді, сол озады. Адамзат үшін қажетті нақты мамандық иелері болмаса, қазір дипломдардың дәуірі өтіп бара жатқан секілді. Мен үшін мамандық бойынша емес, өзіме ұнайтын салада жұмыс істеген әлдеқайда дұрыс. Өзіме ұнайтын салада жұмыс істеп, адал еңбекпен халыққа пайдалы тиігізсем деймін. Ен бастысы, жалақыға емес, табыс тауып, өз-өзіме жұмыс істегенді жөн көрем», – деп ағынан жарылды Әділ Елзат.

БІЛІКТІЛІГІ ЖОҚ КАДРҒА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

2018 жылы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы 4 жыл бойы жоғары оқу

орнын бітірген жастардың жұмысқа орналасуына зерттеу жүргізген. Нәтижесінде, елдегі жастардың 60 пайызы мамандық бойынша жұмыс таппаған. Зерттеу қорытындысына сенсек, жұмыс берушілер жас мамандардың кәсіби біліктілігіне көңілі толмапты. Ал 2020 жылы палата сарапшылары жұмыс берушілердің қазақстандық түлектердің көпшілігіне «сұранысқа ие емес» деген баға бергенін айтқан болатын. Яғни, жұмыс берушілердің 68%-ы білім беру бағдарламаларының өзектілігі мен сапасына риза болмаған көрінеді.

Ал жақында Finprom сарапшыларының мәліметі шықты. Оған сенсек, елдегі 2 млн адам өз мамандығымен жұмыс істемейді. Бұл бес жыл бұрынғы кезеңмен салыстырғанда 25 пайыздан асып кеткен. Айталық, осы күні оқу орындарын бітірген түлектердің 40 пайызға жуығы өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді екен. Жұмыспен қамтамасыз ету орындары ұсынатын сұранысқа ие мамандықтар бойынша бос орындар әлі де толған жоқ. Өйткені дипломы бар түлектер әлгінде айтқандай азын-аулақ ақшаға айлап жұмыс істеуге құлықсыздық танытады. Мәселен, бийл жоғары оқу орындары мен колледждерді 300,7 мың студент бітірсе, оның төрттен бірі – бастауыш сынып мұғалімдері, пән мұғалімдері мен тәрбиешілер. Одан кейін қызмет көрсету, өндіріс, бизнес, басқару және құқық мамандығын алғандар да

шөптердің өсуіне қолайлы жағдай туғызған. Облыс бойынша шөптердің орташа өнімділігі 5,2 ц/га құрайды.

«Мал қыстайтын кезеңге 1,1 млн тонна шөп жинау жоспарланған болса, оның 843,3 мың тоннасы немесе 76,8% дайындалған. Биыл азық дайындау үшін өңірге 6,3 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Азыққа деген қажеттілікті толыққанды қамтамасыз ету мақсатында шөп шабу үшін бу алқаптары мен су айдындарының бойындағы жазғы дақылдарды қоса алғанда, алқаптардың барлық түрі пайдаланылатын болады. Шөптің орташа сату бағасы 1 тонна үшін былтырдан бері өзгерген жоқ, 24-30 мың теңгені құрайды. Алайда облыс орталығына жақын кейбір аудандарда коммерциялық баға 40-45 мың теңгеге дейін жетеді», – дейді АШМ өкілі Дамир Аспан.

Статистикаға сүйенсек, Қостанай облысында жаппай мал сою деректері байқалмайды. Жыл басынан бері 95 мың бас ірі қара сойылған болса, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,8% аз. Ақмола облысында да болжамды есептеулер бойынша алдағы қыстауға мал басы 640 мыңға дейін жетеді. Бүгінде фермерлер 901,2 мың тонна шөп немесе жоспардың 68,9%-ын, 132,8 мың тонна пішен немесе жоспардың 51,1%-ын дайындаған. Жем дайындау үшін арзандатылған ЖЖМ алуға 4,4 мың тонна дизель отынына 200-ден астам шаруашылық өтінім берген. Биыл өңірдегі жем-шөп дақылдарының көлемі 27,6 мың гектарға ұлғайып, 223,4 мың гектарды құрады. Өңірде жем-шөп дақылдары өндірісінің көлемін арттыру үшін суармалы жерлерді кеңейту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

«Шығыс Қазақстан облысында бүгінде 296,2 мың тонна шөп немесе жоспарланған көлемнің 35%-ы дайындалды. Биылғы пішендеме қоры 34,1 мың тоннаны немесе жоспардың 43,6%-ын құрайды. Ауыл шаруашылығы жануарларының саны орта есеппен өткен жылдың деңгейінде қалып отыр. Облыста алдағы қыстауға арналған ауыл шаруашылығы жануарларын азықпен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді, әр ауданда әкімдері басқаратын жедел штабтар құрылды. Сондай-ақ шаруашылық мамандарының негізгі бөлігі қыркүйек айында басталатын жүгері сүрлеміне тиесілі екенін ескеру қажет. Құрғақшылыққа байланысты елімізде жем тапшылығы болжанып отырған жоқ», – дейді АШМ өкілдері.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері көңілге қонаяды, десек те ол ел арасында жағдайды толық қамтиды деп айту қиын. Өйткені бұл жерде басты мәселе бағада болып тұр. Сондықтан да тапшылықты болдырмағанмен, бағаны ауыздықтау қиын боп қалып тұр. Ол үшін бұл жұмыстарды Экономика министрлігіне арта салып қарап отырмай, АШМ-ның да реттеу тетіктеріне ие болғаны керек-ақ. Әйтпесе, құрғақшылық соны қымбатшылық болып қала бермек.

КӘСІБИ БАҒДАР БЕРІЛУ КЕРЕК

Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев жастар арасындағы жұмыссыздықтың басты себебін мемлекетте дұрыс берілмеген бағыт-бағдардан іздеу керек дегенді айтады. Себебі бүгінгі ата-аналар мен мектептің басты жұмысы – баланы грантқа ілдіру ғана болып кеткен. Депутаттың айтуынша, ең бірінші кезекте мектеп табалдырығын бітіретін түлекке мамандық таңдауда дұрыс таңдау болу керек. Бұл орайда баланың жақсы қоретін пәніне, бейіміне қарап мұғалімі мен ата-анасы мамандық таңдауда қызығушылығын оятқаны дұрыс. «Сол үшін мектеп кезіндегі кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу қажет. Бізде мұндай бағыт-бағдар жоқ. Тек мектеп бітіретін жылы таңдау жасап, бөлінетін грант санын есептеп әуреге түсіп кетеміз. Ары қарай бала ол мамандықты алып кете ала ма, жұмысын жүрек қалауымен орындауына бас қатырмайды. Кезінде оқытушы болғанда аудиторында 20 студент отырса, соның 4-5-і жүрек қалауымен, қалғаны өзгелердің ықпалымен түскендер еді. Өкінішке қарай, қазір жүрек қалауына емес, әке-сәкесіне сенетіндер көп. Мысалы, онтүстік өңірлерде парасыз жұмысқа қабылдану қиын деп жатады. Ол да шындық. Екіншіден, бізге адам еңбегі бағаланбайды. Сол үшін қазіргі жастар азын-аулақ ақшадан гөрі шетелде арамшөп жулып, қарға қуып тапқан қаржыны әлдеқайда күп көреді. Себебі біздегі минималды жалақымен жан бағу мүмкін емес», – дейді Дәулет Мұқаев.

Алайда депутат «еңбек биржасы ұсынатын түрлі вакансия арқылы мамандық бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар» деп отыр. Мәселен, бір ғана Қызылжарда мемлекеттік қызметте 417 орын жетіспейді екен. Сондықтан ірі қалаларда қалмас бұрын мамандық бойынша бос орындарға сұраныс жоғары Қостанай, Қызылжар, Павлодар секілді аймақтарда бақ сынауға болатынын жеткізді.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, елдегі жастардың 96 пайызы жұмыспен қамтылған. Әйткенмен, бұл көрсеткішке өзін-өзі жұмыспен қамтып, басқа салада бағын сынап жүргендер де кіріп отыр. Оның ішінде барлығы қалаған мамандығында немесе лайықты жалақы алады деген сөз емес. Жоғары білім берудің қазіргі жүйесі еңбек нарығының қажеттіліктерін өтемейді. Себебі түлекте таңдау жоқ, ал жоғары оқу орындарының кем дегенде жартысы диплом беретін орынға ғана айналып отыр. Осы «диплом зауыттарындағы» білім сапасы мен еңбек нарығындағы жалған статистика жойылмай, сандықтағы дипломның саны арта бермек.

«ТЕРРОРИЗМ» БАБЫМЕН ТҮРМЕГЕ ТҮСКЕН ЖАНСАЯ

«Терроризм» бабымен 10 жылға сотталған Жансая Ашықбаева бізге жан сырын ақтарды. Жансая кезінде Сирия даласына қашып бара жатқан жерінен қолға түскен. Тар қапаста 6 жыл уақытын өткізген келіншектің жазасын толық өтеп шығуына өлі 4 жыл бар. Жастық ғұмырын салафизм ағымының құрбаны еткен келіншек ең үлкен өкініші, қорқынышы және арманы туралы айтып берді. Қазір Атырау қаласындағы әйелдер колониясында жазасын өтеп жатқан Жансая Ашықбаеваның жан сырын ақтарған сұхбаты көпке ой салады деген үміттеміз.

— Бізге ашық түрде сұхбат беруге келіскеніңізге рахмет. Алдымен өзіңіз туралы айтып беріңізші...

— Жамбыл облысының тумасымын. Кейін Алматыға көшіп келдім. Қазір ата-анам Алматыда тұрып жатыр. Өзімнің жоғары білімім жоқ. Орта кәсіптік білім алдым. Қазір жасым 35-те. Бостандықта жүрген кезімде түрлі орындарда жұмыс істедім. Кейін ағамның дүкенінің тірлігіне араластым. Бір кездері жылқы да бақтым. Сөйтіп жүріп, тұрмыс құрдым. Бірақ бірінші некемнен бала болмады. Бүгінде екінші рет тұрмыс құрып отырған жайым бар.

— Дінге қызығушылығыңыз қалай оялды? Діне келуіңізге кімдер себепкер болды?

— Бала кезімде басқа балалар сияқты жазғы демалыста ата-әжемнің қолына баратынымын. Атам қуағын-сүргін, соғыс сияқты қиын замандарды көрген шешіре ақсақал еді. Әжеміз сол қиындықтарға шындаған қатаңдау кісі болатын. Бірақ бізге мейірімін тоғудан шаршаған емес. Атам намаз оқитын. Бала болсам да, атамнан намаз туралы жиі сұрайтынмын. Сөйтіп, 14 жасымда намаз оқып бастадым. Ауылдан қалаға көшіп келгеннен кейін маған әртүрлі жамағаттың өкілдері жақындай бастады. Әркім

өзінің идеологиясына тартатын. Түрлі ағымдардың ішінен менің тандауым салафизм ағымына түсті. Ол кездерде интернет қазіргідей дамымаған еді.

Біз бір-бірімізге кітап беріп араласатынбыз. Кітаптарда жазылғандарды түсінуге менің санам, қабылдау денгейім дайын емес еді. Бірақ шамама қарай, оқитынмын. Сөйтіп, еліктеу басталды. Біз кітаптардан конспект жасап, кейін қонаққа барғанда талқылайтын болдық. «Шейхтарымыз» бізге харам түсінігіне байланысты көп әңгіме-насихат айтатын болды. Мен олардың айтқанына имандай сенгендіктен, өзімнің мінезімдегі, ішкі дүниемдегі өзгерістерді байқамадым. Қазір ойлағым отырсам, қалаға келіп, салафилер жамағатымен араласқаннан кейін мен радикалдан бастаған екенім.

— Осы жерде нақтылай кетейіңізші, сіздің мінезіңіздегі өзгерістерді жақындарыңыздан бірінші болып кім байқай бастады?

— Менің бойымдағы, әсіресе мінезімдегі өзгерістерді бірінші ағам байқады. Сөйтіп, ол менің ортамадағы адамдармен араласуыма тыйым сала бастады. Үйің еркесі болып өсіп қалған мен, әрине ағамды тыңдамадым. Туған бауырыма қарсы шығып, өзімнің эгомды тандадым. Бір әңгіме айтыла қалса, өзімді кереметтей білімді діндар санап, қарсы шыға келетінмін. Уақыт өте келе мен өке-шешеммен уәзітін, оларды джахилик шығардым. Сол кездегі ойланбай істеген әрекетімнің зардабы ауыр екенін кеш түсініп отырғаным өкінішті...

— Сонда сіздердің ойларыңызша «джахил» деген кімдер?

— Ол кезде салафизм ағымының ел арасына енді-енді тарап жатқан уақыты еді. Бастапқыда біздің арамызда «көпір» деген түсінік болған жоқ. Біз адамдарды мұсылман және джахил деп екіге бөліп қарастыра бастадық. Біз үшін никаб кимейтін,

намаз оқымайтын адамның бәрі надан, джахил еді.

Ол кезде мен небары 17-18 жастағы қыз болатынмын. Өздерің «брат, сестра» ретінде көрсеткен жамағат маған «мұсылман адам Құран және сүннетпен жүруі керек» деп үйретті. Одан кейін мәзһаб ұстанудың дұрыс еместігін айтты. Осындай насихаттардан кейін бойымда қоғамға деген агрессивті қарым-қатынас қалыптаса бастағанын өзім де байқамаппын.

— Сіз не үшін істі болдыңыз? Түрмеге түсуіңізге қандай әрекетіңіз себеп болып отыр?

— 2014 жылы ДАИШ өзін «ислам мемлекеті» деп жариялады. Бұған салафилер қатты қуанды. Жамағатымыздың арасында «шарифат заңдарымен жүретін мемлекетке тұрамыз. Сол үшін күресу керек» деген насихат қатты жүрді. ДАИШ-ке дейін де «дін үшін соғыс» деген тақырыптағы ақпараттарға өбден тойынған алған мен де бұл жаналықты «керемет өзгеріс» деп қабылдадым. Маған Сирия жақын арадағы болатыны туралы ақпаратты жамағат өкілдері 2015 жылы жеткізді.

Сөйтіп, хабар жеткеннен кейін ДАИШ туралы видеоларды қарай бастадым. Олар адам өлтіреді, бірақ оны өлтіру себебінің дәлелін хадистермен түсіндіреді. Кейінірек, ұйымның мемлекет ретіндегі туы, шекарасы, валютасы пайда болды. Оның үстіне, видео арқылы үнемі мұсылмандарды бірігуге шақырған үндеулер таратылып жатты. Онсыз да радикалданıp, өбден бұрмаланған ақпаратқа тойып алған маған Сирия нағыз жұмақ болып көрінді. Сол кезде менің алдымда халифатқа бару немесе Қазақстанда қалу деген екі таңдау тұрды. Мен, әрине халифатты таңдадым.

Сөйтіп, Сирияға өтіп кеткен таныстарымды ортақ телеграм каналдарымыз арқылы іздей бас-



тадым. Көп ұзамай таныстарымды таптым да. Олар маған қыркүйекте Қордай шекарасы арқылы өтуге кеңес берді. Мен Сирияға аттанатын уақытымды 15 қыркүйек деп белгіледім. Жақындарыммен атқұйрығын кесіскендіктен, ешкімге ештеңе деп жатпадым. Индрайвер арқылы тақсиге тапсырыс беріп, Қордайға келе жатқан жерімізнен Қарағанды қаласының жолында ұсталдым. Бұл осыдан алты жыл бұрын болған оқиға еді.

Түзету мекемесіне түскен кезімде де мен өзімнің қателескенімді түсіне қоймадым. Алдыма келген мекеме қызметкерлеріне де «джахил» деп, өте дөрекі сөйледім. Менің ол әрекеттерім үшін үстімнен қосымша іс қозғауға да болатын еді. Мамандар менімен көп жұмыс жүргізді. Атырау облысы Дін істері басқармасына, «Шапағат» қоғамдық қоры жанынан үнемі келіп, дөріс беретін теологтарға алғысым шексіз. Жекелеген оналту жұмыстары бір менімен ғана емес, осындай радикалды көзқараста жүрген басқа да жазасын өтеушілермен жүргізілуде.

Дәл қазіргі уақытта мен жазамды өтеп отырған Атыраудағы әйелдер колониясында «Терроризм» бабымен сотталған 6 адам бар. Олардың бесеуі — Жусан операциясымен елге әкелінгендер.

— Осыдан он жыл бұрынғы Жансая мен қазақ Жансаяның арасында айырмашылық бар ма?

— Он жыл бұрынғы Жансаяның жан дүниесі, көзқарасы радикалды идеяға өбден тойынған еді.

Ол Жансая өзінің көзқарасын өзгерте алмады. Олар маған қыркүйекте Қордай шекарасы арқылы өтуге кеңес берді. Мен Сирияға аттанатын уақытымды 15 қыркүйек деп белгіледім. Жақындарыммен атқұйрығын кесіскендіктен, ешкімге ештеңе деп жатпадым. Индрайвер арқылы тақсиге тапсырыс беріп, Қордайға келе жатқан жерімізнен Қарағанды қаласының жолында ұсталдым. Бұл осыдан алты жыл бұрын болған оқиға еді.

— Алда қандай мақсаттарыңыз бар?

— Бостандыққа шыққаннан кейін жұмыс істеп, қоғамның дамуына пайдалы адам болғым келеді. Жан дүниемді төңкеріп жатқан ойларымды ашық жазғым келеді. Менің жазбаларым арасында жүргендердің жол табуына ықпал етсе екен деймін.

— Жан дүниемдегі ойлар деп қалдыңыз, егер атаңыздың көзі тірі болса, сіздің қазіргі жағдайыңызды көрген жағдайда, ол кісіге не айтар едіңіз? Осы жағын ойлап көрдіңіз бе?

— Жалпы, кез келген немере үшін, әсіресе қазақ әулеттерінде немереге ата-әженің тәрбиесін көру өте маңызды. Ата-ананың өмірлік тәжірибесі ата-әжеге қарағанда аздау болады. Оның үстіне, балалардың қамымен жүргенде ата-ананың балаға көңіл аударуға уақыты жеткіліксіз болуы да мүмкін. Ал ата-әже немере үшін әрқаз уақыт баба.

Бала күніндегі атам мен әжемнің маған төккен мейірімін, тәрбиесі өмірге қайта келуіме әсер етті деп айта аламын. Себебі менімен жұмыс жүргізілген кезде теолог, психологтардың айтқан әңгімелерінің астарына үңілген уақытта, ата-

әжемнің өсиеттері есіме түсетін.

Бала күнінде риясыз берілген ата-әжемнің махаббаты радикалды көзқарасыма анализ жасауға ықпал етті деп жүз пайыз сеніммен айта аламын. Ал аласқан немересінің қазіргі жағдайын атам көретін болса, ол жағын елестете де алмаймын. Атамның жүзіне қарауға жүрегім шыдамас еді.

— Жат ағымнан зардап шеккен адам ретінде айтып беріңізші. Радикалдардан қалай сақтануға болады?

— Қоғамға агрессивпен қарау — бұл бірінші белгі. Салафизмнен бөлек, қоғамда «ұйықтап» жатқан ағымдар да бар. Олардың көпшілігі мемлекеттікке, тұрақтылыққа қарсы. Сондықтан таныс емес адамдармен байланысқа түсеуде сақ болу керек. Және дінге қатысты сұрақтарды білікті мамандардан сұраған дұрыс.

— Сұхбат соңында қоғамға не айтар едіңіз?

— Жаттың арғымағын ерттеп, радикалды көзқарас жетегінде кетіп бара жатқаныма, ештеңенің қадірін білген жоқпын. Мен істі болып жатқан кезде, жанымда жүріп, мені отбасымнан бездірген «бауырлардың» ешқайсысы жағдайымды біліп келген жоқ. Мен радикалды ағымның жетегінде кеткен кезде де, істі болған кезде де шырылдаған ата-анам. Кейде мен ана болудан қорқамын. Егер балаларым мен сияқты жағдайға түсетін болса, мен ата-анам сияқты ол сынақты қайсарлықпен көтере алмай қаламын ба деп қорқамын.

Қазақта «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген керемет сөз бар. Бұл сөздің астарында үлкен мағына жатыр. Қазақтың жері — бізге аманат етіп берілген жер. Сондықтан әр адам өзінің жерін, өмірін, туғандарын және болашағын ойлау керек. Ол үшін тарихымызды білу маңызды.

Тарих дегеннен шығады, қазір менде кітап оқуға уақыт көп. Шоқан Уәлихановтың, Қаныш Сәтпаевтың еңбектерін оқып, ол кісілердің ғибратты ғұмырларына, еңбектеріне тәнті болып жүрмін. Лияс Есенберлиннің «Көшпенділер» романы да бірнеше рет оқып шықтым. Айтқым келгені, қазақ болып тууымыз бекер емес. Әр ұлттың өзінің дәстүрі, тарихы бар. Біз — мынау дархан дамызды болашақ ұрпаққа аманат етіп табыстау үшін еңбектенуіміз керек.

Сұхбаттасқан
Баян ЖАНҰЗАҚОВА

САУДА-САТТЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі — Компания)

«КазИнж Электроникс» ЖШС жарғылық капиталындағы Компанияның қатысу үлесінің 80%-ын (сексен пайызын) сату бойынша 2023 жылы «27» қыркүйектегі сағат 12:00-де (Астана уақыты) www.e-qazup.kz Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында басталатын бағаны төмендету шарттарындағы электрондық аукцион өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Сату Компанияның Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 15 қазандағы (№6 хаттама) шешімімен бекітілген «Қазақстан инжиниринг» ҰҚ» АҚ активтерін сату, қайта құрылымдау Ережесіне (бұдан әрі — Ереже) және «Ақпараттық-тіркеу орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 23 мамырдағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында мүлікті сату бойынша электрондық сауда-саттықты жүргізу регламентіне (бұдан әрі — Регламент) және сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Бағаны төмендету шарттарындағы электрондық аукционға қойылатын:

Актив атауы: «КазИнж Электроникс» ЖШС (бұдан әрі — Актив және Серіктестік) жарғылық капиталындағы Компанияның қатысу үлесінің 80%-ы (сексен пайыз).

Актив несі: «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы.

Серіктестік қызметінің негізгі түрлері:

ҚР Қорғаныс министрлігінің (бұдан әрі — ҚР ҚМ) байланыс құралдарын жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары;

ҚР ҚМ байланыс құралдарын техникалық сүйемелдеу;

ҚР ҚМ радиоэлектрондық қарсы іс-қимыл (РЭҚ) және радиоэлектрондық барлау (РЭБ) құралдарының жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары;

байланыс құралдарын, артиллериялық жүйелерді, РЭП және РЭР техникасын жаңғырту;

ҚР ҚМ және басқа да күштік ведомстволардың тақырыбы бойынша ТКЖ орындау;

ҚР ҚМ зымыран әскерлері мен артиллерия құралдарын техникалық сүйемелдеу;

дербес компьютерлер мен серверлік жабдықтарды, оның ішінде ақпаратты қорғау құралдарымен жиынтықта өндіру және оларды өткізу.

Серіктестіктің қолдануы лицензиялары:

1) ізделіну қызметі 16.02.2018 жылғы №18003528;

2) монтаждау, баптау, жаңғырту, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, қосалқы бөлшектерді, жинақтаушы бұйымдар мен олардың аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және өткізу 14.06.2016 жылғы №16009633;

3) жобалау қызметі 26.10.2017 жылғы МКЛ № 00031;

4) құрамында радиоактивті заттар бар радиоактивті заттармен, аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу 16.04.2018 жылғы №18007556;

5) құрылыс-монтаждау жұмыстары 26.10.2017 жылғы МКЛ № 00031;

6) тау-кен өндірістерін (көмірсутек шикізаты), мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай және газ саласындағы магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану 29.12.2017 жылғы №17021962;

7) тау-кен және химия өндірістерін пайдалану 19.03.2018 жылғы №18005666.

Серіктестіктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Макаатаев көшесі, 129/1а ғимарат.

Активтің бастапқы бағасы: 658 527 945 (алты жүз елу сегіз миллион бес жүз жиырма жеті мың тоғыз жүз қырық бес) теңге.

Ең төменгі бағасы: 109 754 658 (жүз тоғыз миллион жеті жүз елу төрт мың алты жүз елу сегіз) теңге.

Активтің құнын төлеуді (сатып алу бағасы) Сатып алушы мынадай тәртіппен жүргізіледі:

• Аванстық төлем сатып алу бағасының (бұдан әрі — Аванстық жарна) кемінде 15% мөлшерінде Активті сатып алу-сату Шартына кол қойылған күннен бастап күнтізбелік 10 күннен кешіктірілмейтін мерзімде енгізіледі (кепілдік жарна тиесілі аванстық жарнаның есебіне есептеледі).

• Активті сатып алу-сату Шарты бойынша кемінде 85% мөлшерінде қалған сома Активті сатып алу-сату Шартына кол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей енгізіледі.

Сатып алушы қалған соманы күнтізбелік алпыс күннен астам мерзімге төлеуді кешіктірген жағдайда, Сатушы аванстық жарнаны ұстап қалумен және Сатып алушыға нақты залал мен жоғалған пайданы өтеу туралы талап қоя отырып, активті сатып алу-сату шартын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұза алады.

Активті сату бойынша өткізілген электрондық сауда-саттықтың нәтижелері бойынша Сатып алушы, Сатушы (Компания) жасаған және Сатушы (Компания) Веб-порталда орналастырған нысан бойынша Активті сатып алу-сату Шартына кол қоюға міндеттенеді.

Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу тізілім веб-порталында хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және сауда-саттық басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады.

Сауда-саттыққа қатысушыларға қойылатын талаптармен Мемлекеттік мүлік Тізілімінің веб-порталында таныса аласыз www.e-qazupa.kz.

32 926 398 (отыз екі миллион тоғыз жүз жиырма алты мың үш жүз тоқсан сегіз) теңге мөлшерінде кепілдік жарна «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ есепшотына енгізіледі: БСН: 050540004455, БСК: HSBKZZKX, ЖСК: KZ946017111000000330, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Төлем мақсаты: электрондық аукционға қатысу үшін арналған кепілдік жарна (кепілдік жарна мөлшеріне банктік қызметтерді төлеу кірмейді). Банк кепілдігі ретінде кепілдік қабылданбайды.

Кепілдік жарналардың «Ақпараттық — есептеу орталығы» АҚ шотына уақытылы түсуі мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдаудың аяқталуына дейін үш күннен кешіктірмей төлеу ұсынылады.

Егер байқау жеңімпазы сауда-саттық нәтижесі туралы хаттамаға кол қоймаса, сатушы кепілдік жарнасын қайтармайды.

Сауда-саттық қорытындылары туралы хаттама — электрондық аукцион нәтижелерін және жеңімпаздың және сатушының Активті сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына кол қою бойынша міндеттемелерін орындауды белгілейтін құжат.

Электрондық аукцион өткізу тәртібі, сауда-саттыққа қатысуды ресімдеу тәртібі туралы, жеңімпазды анықтау шарттары туралы ережелермен «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ-ның көпшілікке қолжетімді www.e-qazupa.kz сайтында жарияланған Регламентпен танысуға болады.

Сауда-саттық туралы толық ақпаратты www.e-qazupa.kz сайтынан немесе +7 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ) және +7 (7172) 72 52 52 (ішкі 1957, 1610) («Қазақстан инжиниринг» ҰҚ» АҚ) алуға болады.

Соңғы жылдары төрт түлігін түлетіп, күнкөріс қамын күйттеп жүрген сырбойылық малшылардың пайдасынан шығыны шаш-етектен болып тұр. Шаруалардың айтуынша, қуаңшылықтан кейін жердің қоңы азайып, мал азығының бағасы аспандап кеткен.

ЖЕМ-ШӨБІҢ ДАЙЫН БА, ШАРУА?

Жуырда Ауыл шаруашылығы министрлігі жем-шөп тапшылығы туындау қаупіне байланысты мәлімдеме жасалды. Онда нақты кезеңде 12,7 тонна шөп дайындалғаны сөз болды. Сонымен қатар өңірлердің жем-шөп шығынын субсидиялауға 11,7 млрд теңге бөлінгенін, қажеттілік туындаған жағдайда облыс әкімдіктері тарапынан қосымша субсидиялау мүмкіндіктері зор екенін баса айтты. Арзандатылған дизель отынымен қамтамасыз ету жайына да тоқталды.

Дейтұрғанмен, малшылар қауымы мемлекеттен субсидия алатынына күмәнмен қарайды. Бұл жайында Сыр өңірінде төрт түлігін өрістетіп отырған шаруа қожалықтарымен пікірлесу барысында байқалды.

Қайбір жылдары елді қуаңшылық жайлағанда зардап шеккен өңірдің бірі Арал ауданы болды. Онсыз да экологиялық апаттың аранында тұрған аралдықтар сол кезде төрт түлігіне азық таппай өбден азапқа түскен болатын. Бүгінде аталмыш өңірдегі қожалықтар қуаңшылықты өзіміздің көрші аудандардан тасымадаймыз. Ал жемді Қостанай облысынан алуға кәзеп отырмыз. Жемшөптің бағасы жыл санап қымбаттап барды. Ешкімге мойын созбай, өз күшімізбен шама-шарқымыз келгенше дайындық жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Дегенмен де мемлекеттен қолдау жасалса, нұр үстіне нұр болар еді. Әсіресе, асыл-тұқымды малға субсидия төлеу жайы жолға қойылса екен. Басқа өңірлерді қайдам, бірақ Қызылорда облысының шаруалары малдың жем-шөбіне жыл сайын субсидия алған емес», — дейді аудандағы «Берекет» шаруа қожалығының иесі Құнтар Жайназаров.

Бұл шаруа қожалығы Зеңгі баба түлігінің асылтұқымды ақбас



сырын өрістетіп отыр. Бүгінде қожалықтың өрісінде 250 бас аналық сиыр бар. Қожалық иесінің айтуынша, жазда жайлауға көшіп, күн салқындағанын қыста қыстақтарымен пікірлесу барысында байқалды. Мал азығын сырттан тасымалдайды. Ала жаздай шөпке мұқтажық болатынын жасырмады. Ал күз басталысымен қыстың қамын күйттеп, жемді сатып алуға кіріседі екен.

Бүгінде қожалық иесі асыл тұқымды малды өсіріп қана қоймай, мал сою пунктін ашып, тұшара цехын іске қосыпты. Малды арнайы тапсырыспен сойса, тұшарасын сауда орындары жағалап әзер сатады екен. Соған сәйкес кәсібин дөңгелетуге де қолдау болмай тұрғанын алға тартады.

Мал азығы дақылдарын өсіріп отырған шаруашылықтардың да мәселесі шаш-етектен. Соған қарамастан шама-шарқыныша еңбек етіп, өз-өздерін жемшөппен қамтамасыз етіп келеді. Соның бірі — облысқа қарасты «Ақтөбе и К» ЖШС. Негізгі кәсібі күрішпен байланысты шаруашылықтың егістігінде жоңыша мен мал азығы бидай да өсіріледі.

Шаруашылық төрағасының айтуынша, атыз жағалаған ағайынның бас ауруы аяқсу тапшылығына келіп тіреледі. Дарияда биыл да су деңгейі өте төмен болды. Бұл мәселені Сыр өңіріне сапары барысында Ауыл шаруашылығы министріне де көлденеңнен қойыпты. Алайда мәселенің шешімі табылар емес. Әсіресе, егін науқаны кезінде егістік алқапқа су жетпей, қиындық туындайды. Соған орай аяқсу мәселесі онтайлы шешімін тапса деген тілегін жеткізіп отыр.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ
Қызылорда облысы



Талдықорған қаласына қарасты Мойнақ ауылының тұрғыны қазақтың ата кәсібінің бірі – мал шаруашылығынан нәпақа тауып, бала-шағасын өсіріп отырған қарапайым азаматтардың бірі. Сәлімхан Ерғазыұлы көп жылдан бері ешкі бағып, табысын еселеп отыр. Сексек ата түлігінің пайдасын көріп, қатардан қалмай отырған отбасының қорасында 600-ге жуық ешкі бар.

жете қоймайтын тау-тастарда емін-еркін жайылатындықтан, небір емдік, пайдалы шөппен қоректенеді. Сондықтан оның еті мен сүтінің денсаулыққа аса пайдалылығы еш күмән тудырмаса керек.

Қазақстанға көшіп келген жиырма жылға жуық мерзімде бала-шағасының нәпақасын осы Сексек ата түлігін өсіруден айырып, отбасын қатардан қалдырмай отырған Сәлімжан болса ешкі сүтінің артықшылықтары бүгінгі ғалымдарымыз енді ғана ашқан тың жаңалық емес, оны дала данышпандары атанған ата-бабаларымыз ықылым заманнан ақ дәлелдеп қойған дейді. Оған қазақтың бұрыннан ешкі мен түйенің сүтін шала туып, тымаққа салып баққан нәрсестеге ана сүті орнына

ЕБІН ТАУЫП, ЕШКІ БАҚҚАН

– Бұл тірлікте әркім өзінің бейіміне, қолайына қарай еңбек етіп, шаруашылығын дөңгелетіп, бала-шағасын тарықтырмау жолында қарекет етеді ғой. Біз бір атадан тараған 6 ұл едік. Есейе келе әрқайсымыз өзімізге қолайлы деген түрлі кәсіптің тізгінін ұстадық. Мен бала кезімнен төрт түлікке жақын едім, сол малдың сонынан кеттім. Арғы бетте де осы тірлікті қаузадым. 2004 жылы Қытайдан атажұртқа біржолата қоныс аудардым. Алғашында қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы асқар Алатаудың қойнауында орналасқан Бесмойнақ деген жерге ірге тейіп, оншақты ұсақ мал сатып әкеліп, ешкі өсіруді қолға алдым.

Ешкі түлігі біріншіден, аса өсімтал. Жылына екі-үштен лақ табатындықтан тез көбейеді. Екіншіден, басқа малдың аяғы жете бермейтін жалама жартастардағы аса пайдалы, сирек кездесетін шөптің сонысын жеп, судың тұнғын ішетіндіктен еті де, сүті де дертке дауа. Оның үстіне, Бесмойнақтың жері шұрайлы болды. Таулы өңір ешкі өсіруге өте қолайлы екен. Еркін жүрген мал біраз жылда ондағы тау ешкілерімен еркін араласып, өзара буданысып, қаулап өсіп кетті. Даланың анымен будандасқан ешкінің бір ерекшелігі табиғаттың қатал сынағына төзімді, анау-мынау ауа райын елең қылмайды. Сонымен бірге еті қадімге ешкінікіне қарағанда өте дәмді, майы онайлықпен қатпайды. Төлі қыста туса да суыққа төзімді болып, өздігінен аяқтанып, енесіне беретіндігіне де көзіміз әбден жетті.

Сонымен сол Бесмойнақты мекен еткен 6-7 жылда ешкіміздің саны бір мың бастан асты. Кейін ағайын-туыстың жағдайына бола, Талдықорғанға қоныс аударғам. Мұнда келгелі де 13 жылға жуықтады. Жалпы ата кәсіппен тұрақты айналысқаным 20 жылға таяды. Табысымыз да жаман емес. Осымен отбасымызды асырап, табысымызды еселеп жүрген жайымыз бар. Жыл сайын төлі есібінен көбейгенде, біразын сатып, ешкі санын белгілі бір шектеуден асырмаймыз. Қазіргі



кезде ауылдастарды айтпағанда, облыс орталығы мен маңайдағы ауылдарда өзіміздің тұрақты алушыларымыз бар. Жүні де қосымша пайдаға асып жатыр. Егер, көрші елдегі сияқты малдың терісі мен тұяғы, мүйізіне дейін қәдеге жаратын кәсіпорындар болса, табысымыз бүгінгіден де еселенері анық еді, – дейді мал иесі.

Өзі әңгіме барысында айтқандай, ешкілері Бесмойнақта таутекелермен араласып, будандасып кеткені сырт көзге бірден аңғарылады. Тұрпаттары да ерекше, ал мүйіздері жабайы ешкілердің қаны барын бірден аңғартады. Сәлімханнан мал алып тұратындардың барлығы оның бағымындағы ешкінің еті ерекше екенін тамсана отырып, айтады. Алдағы кезде ешкінің етін сатумен бірге, сүт саууды да жолға қойса деген тілектерін жайып салды.

Ғалымдардың анықтауынша, ешкі сүті түрлі дәрумендерге аса бай, тіпті, дүние есігін жаңа ашқан нәрсесте үшін ана сүтінің орнын басарлық қасиетке ие. Сонымен бірге еті де асқазанға жеңіл, тез қорытылады. Ешкі басқа малдың аяғы

беріп келгені, сирек кездесетін жұмсақ сүйек, өкпе аурулары емдеуге кенінен пайдаланғаны дәлел бола алады. Осының өзінен-ақ, ата-бабамыздың ешкі сүтінің жоғары емдік қасиетін ертеден біліп, орынды қолдана білгенін аңғартады.

Сәлімжан Ерғазыұлы 1964 жылдың тамыз айында Шығыс Түркістанның Тарбағатай өңірінде дүниеге келген. 2004 жылы ата-бабасының атамекені Қазақстанға қоныс аударған. Содан бері мал шаруашылығымен шұғылданып келеді. Қазір негізінен ешкі бағады. Сыртқа алақан жайып көрмеген. Адал еңбегінің арқасында елден қалыспай, бақуатты тірлігімен айналасын тәнті етіп отыр. Отбасылы, екі қыз, бір ұлы бар. Балалары дәстүрлі ән айтуға әуес. Үлкен қызы Нұрдана Сәлімжан Талдықорғандағы саз колледжін бітіріп, қазір Алматыда арнайы дәстүрлі ән айту бойынша білімін шыңдауда.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы



МЕРГЕН ҚЫЗДАРДЫҢ ЖЕҢІСІ

Әзербайжан астанасында өтіп жатқан нысана көздеуден 53-ші әлем чемпионатында Қазақстан қоржынына 2 медаль түсті.



Әйелдер арасында 10 метрден жылжымалы нысана көздеудің финалына екі қазақстандық – Зухра Ирнарзорова мен Александра Садуақасова шығып, бас жүлдені сарапқа салды. Бұл туралы МСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Спортты дамыту дирекциясының Баспасөз қызметі хабарлады. Тартысты өткен актық сында Зухра отандасы Александрадан 6-3 есебімен басым түсіп, әлем чемпионы атанды. Ал қола украиналық Галина Авраменкоға бұйырды.

Бұған дейін ересектер арасында қазақстандық мергендер әлем чемпионатында жүлде алмаған. Барлық жетістік жасөспірімдер мен жастар деңгейінде тіркелген. Ал бүгін бірден қос медаль бұйырды. Бакуде күміс жүлдеге ие болған Александра Садуақасова былтыр Францияда өткен жастар арасындағы әлем чемпионатында топ жарғанын еске сала кетейік.

«Бүгінгі күн қарбаласқа толы болды. Біз осы чемпионатқа ұзақ уақыт дайындалдық. Әр оғымды алдыңғысынан жақсы, дәл атуға тырыстым. Бар тактикам осы болды. Жарысқа дейінгі жаттығулардың арқасында осы жүлдеге қол жеткіздім», – деді Зухра Спортты дамыту дирекциясының баспасөз қызметіне берген сұхбатында.

Қазір жылжымалы нысана көздеу Олимпиада бағдарламасына кірмегенімен, Азия ойындары, әлем және құрлық чемпионаты сынды байрақты бәсекелердің қатарында қалды.

Қазір Қазақстан құрамасының еншісінде 3 жүлде бар. Бірнеше күн бұрын стэнд атудың трап бағдарламасында Мария Дмитриенко мен Даниил Почивалов (микст) үздік үштікті түйіндеген. Бакудағы дода 1 қыркүйекте мәресіне жетеді.

АРУЖАННЫҢ ТЕННИСТЕ БӘСІ ЖОҒАРЫ

Әйелдер теннисі қауымдастығы (WTA) жаңартылған рейтингі жариялады.

Қазақстанның көшбасшы теннисшісі Елена Рыбакина 4-орынға тұрақтаса, Юлия Путинцева 79-дан 78-ге көтерілді.

18 жастағы Аружан Сағындықова рейтингте күрт жоғарылап келеді. Ол бұл жолы 871-ден бірден 36 сатыны аттап өтіп, 835-ке шықты.

Әлемдік рейтингте бұрынғыша Польша өкілі Ига Швентек көш бастаса, белорусиялық Арина Соболенко мен америкалық Джессика Пергула үздік үштікте қалды.

Жұптық сында чехиялықтар Катержина Синякова мен Барбора Крейчикова және аустралиялық Сторм Хантер топтың алдына бермей тұр.

Қазақстандық Анна Данилина 28-ден 29-ға төмендесе, Е.Рыбакина 111-ден 110-ға, Жібек Құлабаева 178-ден 176-ға ауысты.

Кәсіби теннисшілер қауымдастығы (АТР) рейтингінде пәлендей өзгеріс жоқ.



Испаниялық Карлос Алькарас, сербиялық Новак Джокович және ресейлік Даниил Медведев бастапқы үштікте болса, Қазақстанның бірінші ракеткасы Александр Бублик 27-орында қалды. Тимофей Скатов 128-ден 129-ға түсті. Михаил Кукушкин 243-тен 242-ге көтерілсе, Бейбіт Жұқаев 260-тан 263-ке, Денис Евсеев 270-тен 271-ге, Дмитрий Попко 380-нен 381-ге, Григорий Ломачин 1057-ден 1060-қа сырғылды.

Жұптық сында Александр Недовесов 45-інші, Андрей Голубев 73-орынан жылжыған жоқ.

АСТАНА ЖАСТАРЫ ВЕЛОЖАРЫСҚА ҚАТЫСТЫ

Салауатты өмір салты қажеттілігі идеясын қалыптастыруға бағытталған Bolashaqqa Jol жобасы аясында Астанадағы «Триатлон» саябағында веложарыс өтті.

Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» ЖРО» КММ басшысы Шыңғыс Тілеулин жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау барысында ай сайын кемінде бір спорттық іс-шара өткізіліп тұратынын айтты.

– Елорданың 400 мыңнан астам тұрғыны – 14-35 жас. Өкінішке қарай, соңғы жылдары жасөспірімдер арасында синтетикалық есірткіге

деген тәуелділік және т.б. жаман әдеттер артып кетті. Салауатты өмір салтын ұстануға шақыратын бұл іс-шара алдағы жылдары дәстүрлі түрде өтеді деп сенемін, – деді Шыңғыс Тілеулин.

Бас-аяғы 100-ге жуық адам қатысқан веложарыста 1-орын Рауан Ибраһимге (14 жас), 2-орын Николай Таржановқа (17 жас), ал 3-орын Данил Абраменкоға (14 жас) бұйырды.

Конституция күніне орай өткен бұл іс-шара аясында кішкентай балаларға жақсы қоніл күй сыйлау үшін ерекше шоу-бағдарлама көрсетіліп, көбік-пати мен зумбадан шеберлік сыныптары да ұйымдастырылды.

Ғазетіміздің келесі саны 2 қыркүйек күні шығады



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Асқар БЕК –
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫБАҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Роза ШӨКЕН –
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемедер үшін – 35102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4344
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114